




ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНАЛ

маусым айында
ашылады

2



ЖАСАНДЫ СҰЛУЛЫҚ немесе сұлу боламын деп сүйкімнің кетпесін...

8



ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАН ЖАРНАМА ТІЛІ БОЛАДЫ?

9

АШЫҚ ӘНГІМЕ АЛАҢЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесті

Метрополис басшысының қаладағы көне ауданның біріне ат басын тіреуінің себебі де жоқ емес. Ең алдымен, Түрксіб ауданы – Алматы қаласының қақпасы іспеттес. Өйткені, алматылықтар өз қонақтарын Алматы-1 теміржол стансасында және барлық халықаралық стандарттарға жауап беретін Халықаралық әуежайында қарсы алады. Сонымен қатар, бұл аудан – қаланың ең алғашқы әрі ең көп өндірістік кәсіпорындары шоғырланған жер деп айтуға болады. Мұнда көптеген өнеркәсіп мекемелері өз кәсібін екі дәуірде де (Кеңестік және Тәуелсіз Қазақстан) сақтап қалды. Аталған зауыттар ауданның ғана емес, қаланың техникалық әлеуетінің құрылуына, нығайуына сүбелі септігін тигізіп отыр. Соның арқасында бүгінде аудан экономикасы да дамылсыз өсуде.



Екі сағатқа жуық созылған кездесу еркін форматта өтті. Кездесуде жарықтандыру, жол, қоғамдық көлік, медициналық көмек секілді аудан тұрғындарын алаңдатқан бірқатар мәселелер талқыланды. Шаһар басшысы қаладағы кез келген ауданның тұрмысқа жайлы, тазалығына көркі сай аудан ретінде дамып жатқанын тілге тиек етті. Айтуынша, алдағы уақытта ауданды көріктендіріп, абаттандыру, көгалдандыру, жа-

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №5 (6456) 19 қаңтар, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЕУРОПА – ҚАЗАҚСТАН

дипломатиялық байланыстың жаңа деңгейі



Мемлекет басшысы 2024 жылғы алғашқы ресми сапарын Италия, Ватикан мемлекеттерінен бастады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Италияға ресми сапармен барды. Қазақстан Президентін Рим әуежайынан Италияның Қорғаныс министрі Гвидо Крозетто, Рим Папасының өкілі Франческо Каналини қарсы алды. Мемлекет басшысын күтіп алу кезінде Құрмет қарауылы сап түзеп тұрды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Президенті Серджо Маттарелламен кездесті. Ертең Премьер-министр Джорджа Мелонимен келіссөздер жүргізеді. Сонымен қатар, Президент «Қазақстан-Италия» инвестициялық «дөңгелек үстеліне» қатысып, бірқатар ірі компания басшыларымен кездесулер өткізеді деп жоспарланып отыр. Қазақстан Президенті 19 қаңтар күні Ватиканда Рим Папасы Францискпен кездеседі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: t.me/akorda_resmi).

2



Метрополис басшысының қаладағы көне ауданның біріне ат басын тіреуінің себебі де жоқ емес. Ең алдымен, Түрксіб ауданы – Алматы қаласының қақпасы іспеттес. Өйткені, алматылықтар өз қонақтарын Алматы-1 теміржол стансасында және барлық халықаралық стандарттарға жауап беретін Халықаралық әуежайында қарсы алады. Сонымен қатар, бұл аудан – қаланың ең алғашқы әрі ең көп өндірістік кәсіпорындары шоғырланған жер деп айтуға болады. Мұнда көптеген өнеркәсіп мекемелері өз кәсібін екі дәуірде де (Кеңестік және Тәуелсіз Қазақстан) сақтап қалды. Аталған зауыттар ауданның ғана емес, қаланың техникалық әлеуетінің құрылуына, нығайуына сүбелі септігін тигізіп отыр. Соның арқасында бүгінде аудан экономикасы да дамылсыз өсуде.

Екі сағатқа жуық созылған кездесу еркін форматта өтті. Кездесуде жарықтандыру, жол, қоғамдық көлік, медициналық көмек секілді аудан тұрғындарын алаңдатқан бірқатар мәселелер талқыланды. Шаһар басшысы қаладағы кез келген ауданның тұрмысқа жайлы, тазалығына көркі сай аудан ретінде дамып жатқанын тілге тиек етті. Айтуынша, алдағы уақытта ауданды көріктендіріп, абаттандыру, көгалдандыру, жа-

рықтандыру, аулаларды адамдардың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жағдайға келтіру, балалардың ойын алаңын орнату сияқты көптеген келелі істер атқарылады. Аудан тұрғындары тарапынан негізінен елдімекендерді жарықпен, ауызсумен қамтамасыз ету және ішкі көшелерге асфальт төсеу, қоғамдық көлік жұмысы, бағдаршам орнату мәселесі көтерілді. Газ мәселесін де шешіп беруді өтінді түрксібіткер.

4

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.01.2024

Түнде:

-6-8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

0.+2 °C
Көшпелі бұлтты, күннің
соңында жауын-шашын
(жаңбыр, қар).

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

20.01.2024

Түнде:

-6-8 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЕУРОПА – ҚАЗАҚСТАН

дипломатиялық байланыстың жаңа деңгейі

(Басы 1-бетте)

Қазақстан бүгінде халықаралық саясатта сенімді серіктестен бөлек, ықпалды қатысушыға айналды. Көп-векторлы сыртқы саяси доктринаға негізделген саясатымыз бүгінде әлемнің алпауыт елдерімен тең дәрежеде өзара сенім мен достыққа негізделген дипломатиялық қарым-қатынас қалыптастырудың негізіне айналды. Италияға мемлекеттік сапар аясында біршама маңызды келіс-сөздер жүргізілмек.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Италия Қазақстанның нөмірі бірінші экспорттық сауда серіктесі. Қазақстан – Италия, Қазақстан – Ватикан байланыстары тек экономикалық салалардан бөлек, мәдени, рухани, білім беру, әлеуметтік салаларда ортақ ауқымды жобалар аясында нығайуда. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Италия және Ватикан мемлекеттеріне ресми сапары аясында, бұл елдердің Қазақстанмен байланысының негізгі бағыттарына сараптама жасамақпыз.

«Қазақстан – Италия» инвестициялық «дөңгелек үстелі» отандық өндіріс үшін аса маңызды

Қазақстан мен Италия арасындағы дипломатиялық байланыс 1992 жылғы 21 тамызда негізделгенімен, қос мемлекет арасындағы байланыстың тарихи негізі, ерте кезеңдердегі Ұлы Жібек жолының аясында қалыптасқаны айқын. Бүгінде Италия мен Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, бизнес, білім беру, мәдениет, медицина салаларында орта ауқымды жобаларды іске асыруда. Елімізде итальяндық кәсіпкерлердің қатысумен 266 кәсіпорын табысты жұмыс істейді (254 шағын, 7 орта және 5 ірі кәсіпорын) және 400-ден астам итальяндық компания Қазақстандық өндіріс орындарымен байланыста ортақ жобалар атқаруда. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымын зерделесек, 2023 жылғы қаңтар, қараша айларының нәтижесі бойынша бірінші орында – Италия (13,353.9 млн. \$), екінші орында – ҚХР (13,305.7 млн. \$), үшінші орында – Ресей Федерациясы (8,926.2 млн. \$), төртінші орында – Нидерланды (3,788.0 млн. \$) және Корея Республикасы (3,645.2 млн. \$) тұр.

Кәсіпорындар негізінен құрылыс, сауда және ғылыми-техникалық қызмет салала-



рында қызмет етеді. ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитетінің мәліметінше, Италия Қазақстан үшін инвестициялық әлеуеті бойынша жоғары категориялы ел. Қос мемлекет арасында сәтті бірлескен жобалар жүзеге асуда. 2021 жылғы 26 наурызда Қостанай қаласында итальяндық SDF трансұлттық холдингі мен «Агромаш Холдинг КЗ» АҚ арасында «Италиямен бірге Қазақстанда жасалған» Duetz-Fahr брендімен ауыл шаруашылығы тракторлары мен комбайндарын бірлесіп шығару туралы келісімге қол қойылды.

2021 жылдың шілдесінде Астана қаласында итальяндық PetrolValves group S.p.A халықаралық компаниясы PetrolValves Қазақстан компаниясы мен Merlion Development group ЖШС арасында бірлесіп, клапандық және компрессорлық технологияларды өндіру қолға алынды. 2022 жылдың 12 маусымынан бастап, итальяндық NEOS әуе компаниясы Милан – Алматы – Милан бағыты бойынша аптасына 2 рейс жиілігімен тұрақты жолаушылар рейсін ашты.

Қазақстан – Италия байланысы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласында да дамуда. Мемлекетаралық ынтымақтастық білім беру және ғылыми-зерттеу саласында да қалыптасқан. Қазақстан мен Италия арасында білім беру саласында жасалған келісімдер аясында студенттер алмасу бағдарламалары бойынша жыл сайын жүздеген студенттер білім алууда. (Сапиенца, Салерно, Касино, Неаполь және Феррара университеттері). Амбросиана кітапханасы (Милан) және Ка Фоскари университеті (Венеция) жанынан Қазақ мәдениеті мен әдебиеті орталығы ашылып жүйелі жұмыс жасап келуде. Сонымен қа-

тар, Италия мен Қазақстан арасында 2009 жылғы 5 қарашада қол қойылған стратегиялық әріптестік туралы мемлекетаралық келісім аясында Италия қылмыстық-құқықтық салада мемлекетаралық шарт жасасқан алғашқы еуропалық ел.

Президент Қасым Жомарт Тоқаев «Қазақстан–Италия» инвестициялық «дөңгелек үстеліне» қатысып, бірқатар ірі компания басшыларымен кездесулер өткізеді. Италия – Қазақстан сауда экономикалық байланысы 2023 жылы жаңа деңгейге көтеріліп, Италия Қазақстанның бірінші экспорттық сауда серіктестігіне айналды. 2023 жылғы қаңтар-қараша айларындағы мәліметке сүйенсек, оның көлемі 13 353,9 млн \$ құрады. Сауда айналымы негізінен мұнай, ауыл шаруашылығы өнімдері, медицина тауарлары, күнделікті тұтынатын әлеуметтік және т.б. салаларды қамтиды. «Қазақстан–Италия» инвестициялық «дөңгелек үстелі» аясында, қос мемлекет арасындағы тауар айналымы артып, тарихи негізде қалыптасқан сауда жолы қайта жанданбақ.

Италия үшін Қазақстанның экономикалық, саяси тұрғыда тоғыз жолдың торабында орналасуы, халықаралық саяси аренадағы беделі мен ұстанымы әрқашанда маңызды болып келген. Қазақстан үшін сыртқы саясаттағы Еуропалық вектор, экономикалық, танымдық, өзара әрекеттестік шеңберінде, соңғы жылдардағы аймақтағы геосаяси тұрақсыздыққа қарамастан жүйелі түрде дамуда.

Сонымен қатар, мемлекеттік сапардың маңызды бөлігі Президент БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) және Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының (WFP) штаб-пәтерлеріне барады. Мемлекет басшысының, бұл жол-



ғы Италия және Ватикан мемлекеттеріне мемлекеттік сапары, Еуропа мен Қазақстан арасында байланыстың жаңа деңгейіне көтерілгенін көрсетеді.

Мемлекет басшысы
Рим Папасымен кездеседі

2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді. Еліміз бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымына төрағалық етеді. Аталмыш ұйымдарға төрағалық ету – халықаралық қауымдастықтың елімізге деген сенімді көзқарасын білдіреді.

Халықаралық саясатта Ватикан мемлекетінің, Рим папасы Францисктің ықпалы мен ролі өте зор. Қазақстан әлемде тек бейбіт, достық негізде халықаралық тәртіпті насихаттап қана қоймай, сонымен қатар дүниежүзілік дәстүрлі және әлемдік діндердің басын қосып, адамзатқа ортақ құндылықтарды насихаттайтын бірден-бір платформа ретінде қалыптасқан Дәстүрлі және дүниежүзілік діндер конгресін өткізуде ауқымды жетістіктерге жетті. Қалай десек те, қазіргі таңда геосаяси тұрақсыздық, алып державалар тарапынан жаһандық жылынды елемеу, ұлтаралық, дінаралық өршіп тұрған шақта, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Рим Папасы Франциск секілді миллиардтаған азамат құрмет тұтып, пікірін тыңдайтын тұлғамен кездесуі адамзатқа ортақ, гумандық мәселелерді талқылап, ортақ шешімін табуда еліміз үшін де, тұтас адамзат үшін маңызды болмақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Алматы әуежайы:

ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНАЛ

маусым айында ашылады

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов пен TAV Airports Holding компаниясының президенті Серкан Каптан Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалының құрылысын және елімізде өзге де инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Алматыда жаңа халықаралық терминал құрылысы сынды үлкен жобаны жүзеге асыру стратегиялық маңызға ие. Премьер-министр тұжырымдағандай, «оның ашылуы жолаушылар ағынын арттырып, ұшу географиясын кеңейтеді және мегаполис тұрғындары мен қонақтарына сапалы қызмет пен жайлылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етпек».

TAV Airports Holding басшысы жобаны іске асыру барысы жөнінде жаңа ақпаратпен бөлісті. Оның айтуынша, бүгінде құрылыс жұмыстары 87%-ға аяқталған. Жаңа терминал биылғы маусымда ашылады деп жоспарланып отыр.

Жалпы, былтыр Алматы әуежайында жолаушылар ағынының рекордтық деңгейі тіркелді. Қолданыстағы терминал тек ішкі рейстерге ғана пайдаланылады. Бұл ретте екі терминалдың әлеуеті жылына 14 млн жолаушыға жетеді. Әуе айлағы арқылы жүк тасымалы көлемін 100 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланған.

Әлихан Смайылов Алматы әуежайы теміржол және автомобиль тасымалын қоса алғанда, толыққанды мультимодальды көлік-логистика хабы ретінде дамуы керек екенін атап өтті. Инвестор алдағы жоспарларында мұны ескеруі тиіс.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
<https://t.me/KZgovernment>.



ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ:

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Азаматтар қайда шағымдана алады?

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде жалпыға бірдей декларациялаудың жаңа кезеңі басталды. Табысты, активтерді, мүлікті декларациялау кімдерді қамтиды?
- Қызмет көрсету секторы мен кәсіпкерлер мобильді аударымдардан бас тартып жатыр. НЕГЕ?
- Мобильді аударымдарды тексерудегі мақсат қандай?
- Жыл басынан бері кейбір кәсіпкерлер қолма-қол ақшамен есептеспеңіз, бағаны 10%-ға дейін көтеріп жіберген фактілері кездесіп отыр. Бұл қаншалықты заңды?
- Қаржы секторындағы жаңа өзгерістерге сәйкес азаматтар қайда шағымдана алады?

«Алматы ақшамының» өткен санындағы аңдатпада жаңа жылдан бастап еліміздің қаржы секторында орын алған бірқатар өзгерістерді атап өткен едік. Жаңа өзгешеліктерді ел-жұртқа түсіндіру – біз үшін басты орында тұр. Қай мемлекетте болмасын салық жүйесі болатыны анық. Халықтың әрбір жиналған салығынан сол мемлекет іргесі беки түсері айқын. Алым-табыс, пайда, бұл сонау ежелгі империялар, қағанат, хандықтар дәуірінен бар. Жаңа қоғамда басыдан қойшыға дейін табысын жасырмауы тиіс. Сонда ғана Әділетті Қазақстан орнайтыны хақ.

Бүгін оқырмандарымызды толғандырған жоғарыдағы сауалдарға және экономикадағы басқа да өзекті мәселелерге орай Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев және осы тақырыпқа байланысты ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ермұрат Бапи мен қаржы сарапшысы, экономист Мақсат Халық ой тарқатады.



Ерұлан ЖАМАУБАЕВ,
ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Қаржы министрі:

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМА –
уақыт талабы

Мемлекет басшысының бастамасымен ауқымды маңызды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Әділетті Қазақстанды құра бастадық. Негізінен жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылы басталды.

Мақсаты – көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлықты біртіндеп жою, сондай-ақ кімде қандай мүлік, актив, қаражат бар соны анықтап, әділетті әлеуметтік саясатты жүргізу, әділетті салық кодексін қабылдау.

Мобильді төлем және мобильді аударымдар деген ұғым бар. Мобильді төлемдер кезінде QR код немесе кассалық аппарат қолданылып, чек беріледі. Мобильді аударымдар кезінде QR код қолданылмаса, кассалық аппарат болмаса, заң аясынан тыс қалып қалады. Сондықтан мобильді аударымдарды заң аясына шығару маңызды. Қазірдің өзінде мемлекеттік және квазимемлекеттік қызметкерлерді бақылау жүргізіліп отыр.

Кәсіпкерлердің басым бөлігі заң аясында адал жұмыс жасайды. Бізде шағын және орта бизнеспен айналысуға толық мүмкіндік бар. Оған салықтық жүктеме – 1–4 % арасында. Кәсіпкерлікте мобильді аударымдарды қолданып отырған

азаматтарды осы заңның аясында жұмыс істеуге шақырып отырмыз. Бұл үшін цифрландыру құралдары қолданылады. E-Salyq Business мобильді қосымшасы арқылы өзінің тиісті салық режимін төлей алады. Көлеңкелі экономика кез келген мемлекетте орын алып отырған құбылыс. Статистика бойынша Қазақстандағы көлеңкелі экономика – 18,8 %-ды құрайды. Соңғы 3–4 жылда 27% төмендеттік. Мақсатымыз – 2025 жылдың соңына дейін 14–15%-ға төмендету. Бізде салықтық жеңілдіктердің 300-ден астам түрі қарастырылған. Адал қызмет ететін кәсіпкерлердің аяққа тұрып кетуі үшін көптеген қаржылық және қаржылық емес жеңілдіктер бар. Негізгі мүдде кішіден ортаға, ортаны үлкен бизнеске көтеру.

Қазақстан Республикасында төлемдер мен төлем жүйесі туралы арнайы заң бар. Онда қолма-қол және қолма-қолсыз деп көрсетілген. Егер кәсіпкерлер тарапынан тек қолма-қол ақша талап етілсе, тұтынушылар құқығы бұзылады. Қолма-қолсыз төленген жағдайда бағаны қосып сату – бұл да заңсыз. Тауардың бағасы екі жағдайда да бір баға болуы керек. Бұндай жағдай орын алатын болса, 1414 қолл-орталығына немесе жергілікті кірістер комитетінің органдарына шағымдана, біз ондай фактілерді тексеріп, тиісті шараларды қабылдайтын боламыз. Бізде кәсіпкерлікпен айналыспайтын жеке тұлғалар-



дың мобильді аударымдарына ешқандай тексеру немесе шектеу жоқ. Туыстар, таныстар, достар, қандайда бір қаражат жинау керек болатын болса, ондай аударымдарға шектеу жоқ. Сырқаттанған, науқас адамдарға қаражат немесе жолға қаражат жиналып жатады. Ондай қаражаттар кәсіпкерлікке жатпайды. Сол себепті, ондай аударымдар тексерілмейді. Критерий бойынша салық органдарының назарына ілінетін болса, әрине, біз тиісті ақпаратты сұратамыз. Салық орындары көз жеткізгеннен кейін бұл фактілер бойынша сұрақтар туындамайды.

Тәуелсіз журналистикаға ешқандай тұсау болмайды. 2023 жылы 400-ден астам блогер тіркелген. Олар 200 миллион теңгеден аса салық төледі. Егер олардың қызметі кәсіпкерлікпен байланысты болса, салық төлеуі тиіс. Такси жүргізушілері мен курьерлер үшін арнайы салық режимі бар. E-Salyq Business қосымшасында 1% салық төлейтін режимде тіркеліп төлей алады. «Яндекс таксимен» сөйлесіп, салықты такси жүргізуші емес, оператор ретінде компанияның өзі төлейтін жағдайды да қарастырып жатырмыз.

- Жаппай кәсіпкерлерді тексеру болмайды. Себебі, Мемлекеттік кірістер комитетінде тәуекелдерді басқару жүйесі бар. Бұл жерде заңды бұзатын немесе төлемге тәуекелі бар кәсіпкерлер ғана тексерілетін болады. Біздің мақсат – сервистік модель және кәсіпкерлерге көмек көрсету. Көп жағдайда профилактика, оларға кеңес беру, салық заңнамасын бұзбауға ұсыныстар беру жүргізіледі.

(Дереккөз: Primeminister.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ермұрат БАПИ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаты:

Декларация –
қоғам үшін де,
мемлекет үшін де
қажет

Мен қаржы, салық саласының маманы емеспін ғой. Дегенмен, Парламентте, саясаттың бір шетінде жүрген азамат ретінде ой-жоралғымды айтайын. Декларация – қоғам, мемлекет үшін қажет дүние.

Декларация бүкіл өркениетті елдердің бәрінде бар. Бұны Қазақстан ғана ойлап шығарған жоқ. Бұл жерде қарапайым халықтың азын-аулақ ақшасын тексеру деп ойлауға болмайды. Мемлекеттік қызметтегілердің, кәсіпкерлердің, үлкен бизнестің табысын анықтауға арналған мәселе ғой. Бұл мемлекеттік салық саясатының үлкен тармағы. Бұған үйренуіміз керек. Елдің экономикасындағы негізгі талаптардың бірі болуы қажет. Дамыған елдермен қатарласамыз десек, бұл да қажет-ақ дүние.

Егер жаңа, әділ қоғамға қадам басамыз десек, салық декларациясында лауазымды басшылардың да, қарапайым халықтың да табысы ашық болуы тиіс. Арнайы порталдан қызығушылық танытқан адам кімнің қанша табатынын көре алса екен. Әсіресе, БАҚ өкілдеріне ашық қолжетімділік болуы керек деп ойлаймын. Әрине, маманы емеспін, оның да құпия жақтары болатын шығар. Жалпы, кіріс-шығыстың ашық болғаны дұрыс.

Біздегі бай-манаптардың шетелге жасырған ақшасы декларациядан жасырылып қалатын болса, ол қылмыстық іске ауысады. Салық декларациясының жүйесін толық жолға қойған кезде бәрі өз орнына келеді.

Бұған дейін шетелге шығарылған активтердің жайы туралы жариялылық болмай тұр. Қазіргілер шама-шарқынша жұмыс істеуде. Бірақ қауқары қай уақытқа дейін жетерін кім білсін?!



Мақсат ХАЛЫҚ,
қаржы сарапшысы, экономист:

Үкіметке халықтың сенімін күшейту керек

Өзім қаржы маманы болғандықтан декларацияны қолдаймын. Бұған қоғамда әртүрлі пікірлер бар. Бүгінде табысын жасыратындар жетерлік. Шетелден қымбат үй, тіпті айлақ сатып алады.

Соған салық төлемейтіндер аз емес. Өткен жылы мемлекеттік қызметкерлер, биыл шағын және орта кәсіпкерлер декларация тапсырады. Келер жылы бүкіл халыққа кезек келеді. Бұл неге керек? Әгәрі, Lamborghini, Ferrari көліктері, 500 шаршы метрден астам зәулім үйі болса, онда салық төлеу керек болады. Бірақ халықтың да айтып жүрген сөзінің жаны бар. Әлі де болса атқамінерлерге сенімсіздік жойылмады. Көпбалалы аналар, мүгедектерге тиісті көмек қаншалықты беріліп жатыр, осы жағы алаңдатады. Осының бәрі мемлекеттік бюджетке жиналған салықтың есебінен жүргізілері анық. Сол себепті де, үкіметке халықтың сенімін күшейтейік. Бірінші кезекте жұртшылыққа түсіндіру жұмыстарын жасайық. Шетелде «салық мәдениеті» деген ұғым кездеседі. Соны жасаймыз десек, бір-екі бағдарламаға келіп, қысқаша ақпарат айтып өткеннен ештеңе шықпайды. Бір істі бастамас бұрын түсіндіру, толық ақпараттандыру жұмысын жүргізейікші. Бұның жай-жапсары барынша орталықтандырылған жүйеде насихатталуы керек. Сонда ғана дақпырт сөз тарамайды.

Кейбір пысықайлар заңның олқылықтарын

біліп алған. Бар ақшаны шетелге алып кеткісі келеді. Ақшасын осы жақта ұстамайды. Өйткені, байлар елде жемқорлық белең алып тұр деп, сенімсіздікпен қарайды.

100 аударым емес, 1 миллион теңге ме, әйтеуір ақшаға шектік деңгей қойғаны дұрыс еді. Майда-шүйде мобильді аударымды тексеріп береке таппайды. Ұсақ-түйек аударымнан көп салық та түспейді. Бұл тек халықтың қалтасын қағады. Негізінен алпауыт компанияларға салық саясатын мықтап жүргізу керек болатын. Бір жағынан бір тоқсанда 300 аударым дегені логикаға келеді. Қарапайым адамдар әртүрлі жақтан мұндай аударымдар қабылдамайды. 3 жыл бұрын осы әңгіме көтерілгенде мұндай нақтылық болмаған. Егер жеке адам той жасаса, 300 аударым болып кетуі мүмкін. Бұл жерде қарапайым халыққа қатты қатысы жоқ. Бұл көбіне кәсіпкерлерге қатысты. Шындыққа келер болсақ, 1 теңге тапсаң да салық төленуі керек.

Әлемде «менің салығым», «менің даусым» деген ұғым ұшырасады. Дамыған елдерде бюджетке түскен салық жәрдемақы болып беріліп, жаңа жұмыс орындарының ашылып жатқандығына сеніммен қарайды. Ал біз ондай дәрежеге жете қоймадық.

- Ұсынысым, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен жалақы алатын азаматтар салықтан босатылса, 100 теңгеге дейін – 1%, 300 мың теңгеден жоғары – 10%, 1 миллион теңгеден жоғары – 20% деп қарастырылса екен. Жаппай 10% салық ұстайтын саясаттан бас тарту қажет.



● ӘКІМ

АШЫҚ ӘНГІМЕ АЛАҢЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездесті



Мәншүк
БЕКБОСЫН

(Басы 1-бетте)

Ауданның экономикалық көрсеткіші

Қала әкімі Ерболат Досаевтың баяндамасына сәйкес, Түркісіб ауданының экономикалық көрсеткіштері оң серпін көрсетуде. Бизнесінің іскерлік белсенділігі 24%-ға артқан. Бұл салық түсімін 23%-ға ұлғайтуға және 5,5 мың жаңа тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Мәселен, тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 2,2 есе (96,7 мың шаршы метрден 212,8 мың шаршы метрге дейін), өнеркәсіп 13,3%-ға (357 млрд теңгеден 390,6 млрд теңгеге дейін), ал инвестициялар 4,7%-ға (186,2 млрд теңгеден 202,2 млрд теңгеге дейін) ұлғайған екен.

Айта кету керек, өткен жылы өкілеттіктерді орталықсыздандыру аясында Түркісіб ауданының бюджеті 5,4 млрд теңгеден 16,5 млрд теңгеге дейін, яғни 3 есеге ұлғайтылды. Бұл шаралар тұрғындардың өтінішіне жедел әрекет етуге және аудан әкімдігінің дербестігін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ, қала әкімінің баяндамасында Түркісіб ауданында үздіксіз электрмен жабдықтау үшін 160 шақырымнан астам электр желісі модернизацияланып жатқаны айтылды.

– 2024 жылдың 2 тоқсанында «Әлмерек» (23,5 км), «Нұршаққан» (18 км), «Қайрат» (120 км) ықшамаудандарында 161,5 шақырым желіні жаңарту аяқталады. Бұдан өзге, бір айдың ішінде «Қайрат» ықшамауданының тұрғындары қалалық желіге, яғни «Кіші Станция» қосалқы станциясына ауысады. Бұл ауданды үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді қала әкімі Е.Досаев.

Еске салсақ, 2023 жылы Түркісіб ауданында «Шуақты» ықшамауданында 5,5 шақырым электр беру желісі модернизациядан өтті.

Көше жарығы жыл соңына дейін қалпына келтіріледі

Биыл жыл соңына дейін Түркісіб ауданында қолданыстағы 26 782 жарық нүктесінің 22 760 жарық нүктесін қалпына келтіру жоспарланған.

– 2024 жылы аудан бойынша көше жарығын 85%-ға дейін, 2025 жылы 100%-ға дейін қалпына келтіру көзделген. Жеке серіктестің МЖӘ шартының талаптарын орындамауына байланысты 2023 жылдың күзінен бастап жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету өкілеттілігі аудан әкімдігіне берілді. Былтыр қазан айында «Алматы Қала Жарық» МКК-мен келісім-шарт жасалды. Соның нәтижесінде 2023 жылдың қараша-желтоқсан айларында жөндеу бригадалары 520 өтінім бойынша жұмыс істеуді қолға алды. 872 шам ауыстырылып, 16 көшенің жарықтандыру тіректерінде энергия үнемдейтін LED шамдары орнатылды, – деп атап өтті Е.Досаев.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

100-ден астам жаңа автобус жолға шығады

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың айтуынша, жыл соңына дейін Түркісіб ауданының автобус паркі 50%-ға жаңартылады.

– 2024 жылы жылжымалы құрамды жаңарту жұмысы жалғасын табады. Бұдан өзге, 20 маршрутты күшейту жоспарлануда (№2, 3, 30, 34, 50, 56, 59, 71, 74, 77, 79, 86, 92, 113, 120, 121, 123, 135, 138), оның ішінде 5 бағыт бойынша 104 жаңа автобус биылғы жылдың I тоқсанында жүретін болады, – деді Ерболат Досаев.

Жалпы, 2023 жылы көлік қызметінің сапасын арттыру мақсатында Түркісіб ауданының 5 жаңа бағыты үшін 171 автобус сатып алынған (№9, 89, 216, 223, 234; 41 автобус) және 7 маршрут бойынша жылжымалы құрам (№8, 13, 17, 38, 46, 47, 69; 130 автобустар) жаңаруда.

Сонымен қатар, «Қайрат» ықшамауданы тұрғындарының өтініші бойынша «Восток» автобус паркін «Жетісу» базарының аумағынан («Камазцентр» ауданына) көшіру жұмысы жүргізілуде. Бұл жұмыстар 2024 жылдың I тоқсанының соңына дейін аяқталады.

Өткен жылы Алматы автопаркі 1150 жаңа экаовтобуспен толықтырылды. Соңғы 11 жылда алғаш рет 100 троллейбус сатып алынды, 2024 жылы тағы 100 бірлік сатып алу жоспарланып отыр. Бұл троллейбус паркін 100%-ға жаңартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездесуде оқушыларды тасымалдау жұмысы тілге тиек етілді.

Қала әкімінің айтуынша, бүгінде аудан бойынша 8 мектеп автобусы 6 мектептің оқушыларын тасымалдайды (№20, 32, 89, 115, 162, 195). Жаңа оқу жылынан бастап 10 мектептің 2 мыңнан астам оқушысын қамту үшін автобустардың санын 22 бірлікке дейін арттыру жоспарланған.

● КЕРЕК ДЕРЕК

• Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарында орын тапшылығын азайту үшін 2024 жылдың 1 тоқсанына дейін «Қайрат» ықшамауданында 260 балаға арналған мемлекеттік балабақшаның құрылысын аяқтап, №70 бөбекжай-балабақшаның ғимаратын сейсмикалық күшейту жоспарлануда.

• №198 мектепке жапсарлай 600 балаға арналған қосымша құрылыс салу (2024 жыл сәуірде) көзделген;

• №83 гимназия филиалын реконструкциялау бойынша (2024 жыл сәуір);

• №50 мектепті сейсмикалық күшейту бойынша (2024 жыл сәуір) жұмыстар жоспарлануда.

• 2024 жылы наурыз айында «Нұршаққан» ықшамауданында 100 келушіге және Айбасов көшесінде 200 келушіге арналған екі дәрігерлік амбулатория құрылысын аяқтау;

• 2024 жылы екі емхана – наурызда «Қайрат» ықшамауданында 340 келушіге арналған, желтоқсан айында Наманганская көшесіндегі ескі ғимаратты бұза отырып, ауысымына 500 келушіні қабылдай алатын, сондай-ақ 2024 жылдың II тоқсанында «РВ-90» ықшамауданында 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салу бойынша үш жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жоспарлануда;

• Осы жылдың мамыр айына дейін өткізу қабілеті күніне 600 адам болатын «Жас қанат» ықшамауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланған. Қазір Майлин көшесіндегі «Авиатор» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде, сондай-ақ №6 Оқушылар үйін күрделі жөндеуден өткізу бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

• 2024 жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 6100 балаға арналған төрт мектеп салынады.

Қала басшысы қажетті құжаттардың дайын екенін атап өтті.

Жалпы, «Мектеп автобусы» жобасы 2023 жылы Алматыда әкім Ерболат Досаевтың тапсырмасымен қолға алынды. 2024 жылы тағы 100 автобус сатып алып, мегаполистің қосымша 27 мектебін қамту көзделіп отыр.

Халықтың әлеуметтік осал тобы баспаналы болады

Биыл көктемде халықтың әлеуметтік осал тобына екі мың пәтер беру жоспарлануда.

– Біз халықтың осал топ санатына кіретін (ХСТС) жандарға пәтер сатып алдық. Мен өзім барып көрдім, таныстым. Пәтерлерді қабылдау рәсімінен кейін мамыр айының соңына дейін үй алуға кезекте тұрғандарға кілт беруге тырысамыз. Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы бекітілген тізімді тағы бір рет қарап шығады. Жақын арада қалада үй алуға кезекте тұрған жандар көптен күткен қоныс тойын атап өтеді деген үміттемін, – деді Ерболат Досаев.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ВЕЛОЖОЛДАР
КӨБЕЙЕДІ

Биыл мегаполисте
велоинфрақұрылымға
арналған жобалар әзірленбек

Биыл Алматыда 20 шақырым көшеге арналған веложол жобаларын әзірлеу жоспарланған. Қазір жоба кеңсесі аясында қала әкімі Алматы кешенді көлік схемасы бойынша велоинфрақұрылымды орналастыру схемасын жаңартып жатыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Веложолдың ұзындығы және жобаларды жүзеге асыру шарттары техникалық-экономикалық негіздеме мен жобалау-сметалық құжаттаманы дайындағаннан кейін және Қазақстан заңнамасы бойынша нақты жобаны сараптаудың оң қорытындысын алған соң нақтыланады. Айта кетейік, 2023 жылы Алматыда 3 шақырым веложол салынды. Инфрақұрылым Манас көшесінің бойымен Сәтбаев көшесінің батыс жағынан Шевченко көшесіне дейін, сол арқылы Сәтбаев көшесін қаланың қалған велосипед желісімен және Бұқтырма мен Майлин көшесіне қосылатын Құлжа күре жолы мен Бұқтырма көшесінің қиылысындағы жолайрыққа дейін жалғайды.

Алматыда шағын мобильді көлік (велосипед, электрлі самокат) пайдаланушылардың саны артқан соң олардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін веложол желісін ұлғайту Алматы қаласының Бас жоспарында қарастырылған. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен велоинфрақұрылым велосипедпен жүзде сұранысқа ие дәліздермен және орташа жөндеу, қайта құру немесе абаттандыру бағдарламалары аясында жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда мегаполисте барлығы 92 шақырым велоинфрақұрылым жабдықталған. Веложолдың ұзындығы 25 шақырым, ал веложол 67 шақырымды құрайды.

КЕЗДЕСУ

Алматы кәсіпкерлер палатасының алаңында үй жанындағы дүкендердің 100-ден астам өкілі жиналды. Кездесу мәслихат депутаттары, Мемлекеттік кірістер департаменті, қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілдерінің қатысуымен өтті. Кәсіпкерлер үй жанындағы дүкендерге салық жүктемесі мәселесін қысқа мерзімде шешу керектігін алға тартты. Әйтпесе, көптеген дүкен жабылуға мәжбүр болады. Атап айтқанда, олар бөлшек салық мөлшерлемесін 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетуді сұрайды.

ҰҚП-ның деректерінше, енді бөлшек салықтың арнайы салық тәртібі кәсіпкерліктің 364 қызмет түріне таралады. Бұған дейін тізбеде 190 қызмет түрі болған. Тауарларды сату мен жеке тұлғаларға қызмет көрсетуге бағытталған экономикалық қызметтердің жалпы жіктеуішінен (ЭҚЖЖ) өзге, тізімге тауарларды өндіру мен қайта өңдеу, жөндеуге байланысты қызмет түрлері, электр монтаждау жұмыстары тәрізді қызметтер енгізілген.

«Біз тауарларға үстемеақыны 15 пайыздан асыра алмаймыз. Оның 4 пайызы сатушының еңбекақысына кетеді. 4-5 пайыз басқа шығындар, коммуналдық қызмет, жалға алу. Мобильді аударым мен QR төлеміне банк өз пайызын алады. Біз оңайлатылған декларация бойынша жұмыс істейміз. Бірақ бәрі

қымбаттауда, шектен асып кетеміз бе деп қорқамыз. Лицензия тағы бар. Үй жанындағы дүкендер үшін бөлшек салық мөлшерлемесін төмендету мәселесін қарастыруды сұраймыз», – деді басқосуға келген дүкен иелері.

Кәсіпкерлер дүкендері шағын кәсіптің ең осал санаты болғандықтан, табыстарының азын-аулақ екендіктерін тілге тиек етті. Мемлекет тарапынан қолдау қажеттігін айтты. Жыл сайын ірі сауда желілері өздерін нарықтан ығыстырып жатқанына наразылық білдірді. «Тұтынушылар ірі сауда желілеріне интернет арқылы азық-түлікке тапсырыс бергендіктен, біздің тұтынушыларымыз азайып кетті. Жыл басынан енгізілген жаңалық – мобильді аударымға қатысты түйткіл де сатылымға кері әсер етуде. Біз

ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ

Жұмыспен қамту бағдарламасы:

ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫ АЗАЯДЫ

Алматыда Әлеуметтік қызметтер үйінде қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың, Қоғамдық кеңес өкілдерінің, үкіметтік емес ұйымдар басшыларының қатысуымен жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселесі бойынша кездесу өтті.




Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы әкімінің орынбасары осы жылға арналған бағдарламаларды жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін түсіндіріп, кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Негізінен Жұмыспен қамту бағдарламалары бойынша жұмыс берушілердің тізбесін қалыптастыру өлшемдеріне, ерекше қажеттілігі бар жандарды жұмысқа орналастыру үшін қосымша жұмыс орындарын бөлуге және жалақыға бөлінетін субсидиялардың мөлшеріне қатысты мәселелер көтерілді.

«Биыл жыл басында Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыруға 12 млрд теңге қаржы бөлінді, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 40%-ға жоғары, соның арқасында 11,2 мың жұмыс орны құрылады. Қала әкімдігі Жұмыспен қамтудың бірде-бір бағдарламасын қысқартқан жоқ. Сонымен қатар, «Әлеуметтік жұмыс орны» бағдарламасы бойынша жұмыс орындарының саны 380-ден 500-ге дейін көбейтілді. «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасы бойынша 30%-ға ұлғайып, 8,7 млрд теңге бөлінді», – деді Әсем Нүсіпова.

Алматы қаласы әкімі орынбасарының айтуынша, былтыр Жұмыспен қамту бағдарламасының бюджеті екі рет түзетіліп, бірнеше бағыт бойынша едәуір ұлғайған, алайда бұл тәжірибенің даулы тұстары бар еді. Оның айтуынша, биыл да



түзетулер болуы мүмкін, бірақ бұл қосымша субсидияланатын жұмыс орындарының қажеттілігін терең талдау нәтижесіне байланысты. Жалпы, 2024 жылға арналған жұмыс берушілердің тізбесі жұмыс берушілер берген өтінімдер мен жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік пайдалы кәсіптер бойынша қажеттілігі негізінде қалыптастырылды. Оны бекіту кезінде жұмыс берушілердің қатысу жиілігі, электрондық еңбек шарттарын жасасу, жалақы төлеу шарттары мен мерзімдерін сақтау сияқты критерийлер ескерілді. Ашықтықты қамтамасыз ету үшін тізім Еңбек мобильділігі орталығының сайтында (www.ctm-almaty.kz) жарияланған.

«Соңғы жылдардың қорытындысы бойынша жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыруды талдау бір жұмыс берушілерге субсидиялар жиі берілетінін көрсетті. Сонымен қатар, жұмыссыздардың тізімі өзгерген жоқ, себебі олар өздерінің біліктілігін арттырып, тұрақты жұмыс орнына орналасқысы келмеді. Осыған орай, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы цифрлық технологиялар арқылы бақылау шараларын күшейтті», – деді әкімнің орынбасары.

Оның айтуынша, бұл жауапсыз жұмыс берушілерді анықтауға және жаңа 2 мың ұйымға бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік берді. Әрі Жұмыспен қамту бағдарламаларына қатысушылар үшін «Skills Enbek» порталында онлайн оқыту қарастырылған, бұл олардың мансаптық дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік пайдалы кәсіптер бойынша барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілер үшін субсидияланатын жұмыс орындарына өтінімдер осы жылдың қаңтар айының соңына дейін қабылданатынын айтқан жөн. Бұл ретте Әлеуметтік қызметтер үйінде дүйсенбі күндері сағат 12.00-де Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының, сонымен бірге, Еңбек мобильділігі орталығының жауапты лауазымды адамдары барлық норманы түсіндіру үшін ҰЕҰ өкілдерімен және жұмыс берушілермен кездесулер өткізеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан ШОҚАНОВ,
Мәслихат депутаты, Алматы қаласы
кәсіпкерлер палатасының төрағасы:

ОРТАҚ КӨЗҚАРАС КЕРЕК

Арнайы салық тәртібінде жұмыс істеу үшін алдымен ашық жұмысқа дайындықты көрсету қажет. Бұл мәселені түрлі алаңда, сонымен қатар қала әкімімен де терең талқылады. Кәсіпкерлер ашық жұмыс істеп, бөлшек салықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсеткендері жөн. Содан кейін ғана арнайы салық тәртібін төмендету туралы мәселені көтерген дұрыс. Бүгінде өзгеріске дайындықты көріп отырмын, бұл бағытта ортақ көзқарас болуы тиіс. Ашық жұмыс істеп, оң динамика көрсеткен барлық кәсіпкер мемлекеттік қолдау шараларына сенім арта алады.

наурыздың соңына дейін қабылдау қажет. Талқылау қорытындысы бойынша депутат Р.Рахитұлының басшылығымен мемлекеттік органдар, мәслихат депутаттары және қаланың әр ауданынан кәсіпкерлер қатарынан жедел жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды.

«Мен үй жанындағы дүкендердің барлық мәселесін өте жақсы білемін. Өйткені, өзім сауда саласында жұмыс істедім. Бөлшек салық мәселесін шешу жолында топтың жұмысына белсенді қатысуларыңызды сұраймын. Кәсіпкерлер палатасы бизнес қауымдастығы ретінде әрекет етеді әрі бизнестің шоғырландырылған позициясын мәслихатқа шығарады», – деп атап өтті Руслан Рахитұлы.

Айнабай МӘДИ.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Дулат ТАСТЕКЕЕВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

ХАЛЫҚТЫҢ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМІ АРТТЫ

Жақында ғана ел газеті «Егеменде» Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Біз озық ұлт ретінде тек алға ғана қарауымыз керек!» деген тақырыпта кең көлемде сұхбат бергені белгілі. Мемлекет басшысы өзінің бұл сұхбатында ішкі және сыртқы саясаттың, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының, 2022 жылғы Қаңтар оқиғасының мәселелеріне тоқталып, бірқатар өзекті сауалдарға жауап берді.

Сұхбатты оқып шыққанымда көп ой түйдім. Мемлекет басшысымен болған әңгімеде 2019 жылдан бергі өткен кезеңді қорытындылау, сондай-ақ еліміздің жақын арада даму перспективаларын пайымдау туралы кеңінен қамтылған. Мемлекет басшысының баса назар аударған мәселелері еліміздің әрбір азаматын толғандырып, мемлекет өмірінің барлық салаларын қозғап өткені байқалады. Мәселен, 2022 жылы басталған заңнамалық, әлеуметтік, экономикалық салалардағы өзгерістер бұдан былай да, яғни жаңа жылда да жүйелі түрде жалғасатын болады. Президент өз сөзінде 2024 жыл еліміз дамуының келесі бесжылдық циклінің негізін қалайтындықтан да ерекше маңызды жыл екенін атап өтті.

Жалпы, Қазақстан – аймақтық және жаһандық деңгейдегі халықаралық форумдар өткізу алаңына айналып, сыртқы саяси қызметті белсенді жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Мемлекет басшысы сұхбат барысында көптеген шетелдік саясаткерлер мен сарапшылар, соның ішінде батыс елдерінің де демократиялық реформаларымызды қолдап, озық бағытта сипаттап жатқанын тілге тиек етеді. Бұл қадамды біз еліміздің достық саясатын әлем жұртшылығына тату да

бейбітшіл ел ретінде таныта беруді жалғастыру деп қабылдадық.

Аталмыш сұхбатта ел Президенті елімізде өтетін гуманитарлық мәдени іс-шаралар туралы айта келе, 2024 жылы да мерейтой иелері, көрнекті тұлғалардың ел құрметіне бөленетінін атап өтті. Сонымен қатар, биылғы жылдың ерекше оқиғасы – Қазақстан тарихының көптомдық басылымы бойынша жасалып жатқан жұмыстардың аяқталуы бізді қуантып отыр. Мен бұл қадамды мемлекет тарапынан жасалып жатқан тарихқа һәм тарихи тұлғаларға деген терең құрмет пен ілтипат көрсетуінің айқын көрінісі дер едім.

Сұхбатты оқи отырып, менің ерекше тоқталған тұсым – бүкіл еліміз үшін қайғылы оқиға болған Қаңтарға биыл 2 жыл толды. Бұл ретте Мемлекет басшысының қарапайым халық арасында әлі де сауал тудырып жүрген қайғылы жайттардың хронологиясын саралап, сол бір аумалы-төкпелі күндердегі рөліне тоқталғаны дұрыс болды. Тағы да айта кетерлігі, Мемлекет басшысы бейбіт шерулерге рұқсат етілгенін, бірақ тәртіпсіздіктер орын алар болса, қағаз түрде алдын алатынын атап өтті. Иә, шындығында болашақта елімізде дәл осындай жағдайлар



қайталанбауы үшін «Негізгі заңға сәйкес жұмыс істейтін мемлекеттік институттардың тұрақты және тиімді жүйесін» құру қажет екенін Президент атап өтті:

Мемлекет басшысы өз сұхбатында ел дамуының қысқа мерзімді экономикалық стратегиясына кеңінен тоқталды. Бұл ретте мен де өз тарапымнан ағымдағы мәселелерді шешу үшін, ірі өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыру; оларды іске асыру үшін инвестицияларды тарту, екінші, жүйелік реформаларды одан әрі жүзеге асыру (Салық және Бюджет кодекстеріне өзгертулер енгізу) қажет екенін атап өткім келеді. Осы айтылған өзгерістер лайықты деңгейде жүзеге асырылса, еліміздің экономикалық дамуы жоспарланған 2029 жылға қарай, жалпы ішкі өнімді екі есеге арттыруға, сондай-ақ әрбір қазақстандық табысының өсуіне септігін тигізетін сөзсіз. Мемлекет басшысының ерекше назары отын-энергетика кешенінің

жұмыс істеу мәселесіне, жедел шешуді талап ететін міндеттерге ауғанын да атап өткен жөн. Сондай-ақ, Қ.Тоқаев елде атом электр станциясын салу мәселесіне де кеңінен тоқтала келе, «Азаматтар еркін шешім қабылдау барысында салмақты, ойластырылған шешім қабылдау үшін сарапшылардың «жақтап» және «қарсы» деген барлық дәлелдерін қарастырып, ерік білдіріп, талқылауы керек. Бұл халықтың шешімі болады», – деді.

Халықтың шешіміне тәуелділік, яғни референдум арқылы ел өміріндегі маңызды шешімдерді қабылдауға қалың бұқараның араласуы мемлекет пен азаматтар арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына себепші фактор болып табылады. Зиялы қауымның өкілі ретінде мен үшін ерекше маңызды әрі қызықты болғаны, Мемлекет басшысының қазіргі сын кезеңде рухани басымдықтар туралы айтқаны болып отыр. Өз сөзінде Ұлттық құндылықтарды басты орынға қоя отырып, бірлікке шақырды. «Бірлік, ынтымақ, еңбекқорлық, білімге назар аудару, кәсіпқойлық, өзара қолдау, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық, үнемшілдік – нағыз азаматтар мен патриоттардың құндылықтары мен қасиеттерінің жиынтығы. Олар біздің ұлтты нығайтып, табысқа жетуімізге мүмкіндік береді», – деп нақтылап көрсетті.

Мемлекет басшысының осындай айқын сұрақтарға қайтарған ашық жауаптары халықтың билікке деген сенімін нығайтып, әділ Қазақстанды құруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Марат ШОРАНОВ,
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың ректоры:

БӘРІ ДЕ ҰРПАҚ МҮДДЕСІ ҮШІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты ауқымы, қоғамдық резонансы, Қазақстандағы және шетелдегі жалпы реакциясы бойынша бағдарламалық құжат деп атауға болады. 2024 жылға арналған күн тәртібі біржақты және нақты белгіленді. Мемлекет басшысы кезекті рет табандылық танытып, қазақстандықтардың көкейлеріндегі сауалдарына өткір мәселелерді қамти отырып, ашық жауап берді. Мақалада ең ауқымды мәселелер қамтылған, сондықтан мен біз үшін, медицина қауымдастығының өкілдері үшін ең өзектілеріне тоқталғым келеді. Жыл басында еліміздің экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салалардағы негізгі күн тәртібі қалыптастырылғаны көңіл қуантады. Осылайша Президент 2024 жылы мемлекеттік жұмысты қарқынды бастап отыр, оған бәріміз де белсенді түрде қатысуымыз қажет. Біздің қоғам уақытты босқа өткізе алмайды, ауқымды ішкі және сыртқы сын-қатерлерге дереу әрекет жасау қажет.

«Ұлтымыздың жаңа өрлеуі үшін озық дегеннің барлығын бойына сіңіріп, елді кері тартатын нәрселерден арылуымыз керек. Қоғамымызда еңбек пен өнімді шығармашылық культі орнығып, білім мен шығармашылық ойлаудың күші салтанат құрып, прагматизм қағидасы мен өмірге шынайы көзқарас үстем болуы керек», – деді Мемлекет басшысы өз сұхбатында.

Президент жастар мәселесіне де назар аударды. 2023 жылы Қазақ ұлттық медицина университеті студенттік бағытты дамытуды өз жұмысының басты басымдығына айналдырды. Студент – университеттің орталық тұлғасы, біз үшін ең маңызды адам. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында кез келген шешімді бұл студенттерімізге не береді, бұл олардың университетімізде білім алған уақытын қалай жақсартады деген призма арқылы қабылдай бастадық.

Расында, дәл қазір жаңа дағдыларды меңгеріп, озық білімді тиімді қолдана алатын жастардың рөлі артып келеді. Прогрессивті ойлау, тез өзгеретін әлемге жылдам бейімделу, үздіксіз білім алу және тынымсыз еңбек ету қабілеті –



алғашқы күндерде-ақ студенттерімізге осы құндылықтарды үйретеміз. Біз университетті басқаруда студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін арттыруды жоспарлап, кері байланыс орнатудамыз. Әсіресе, Мемлекет басшысының сұхбатын ол қызметке кіріскеннен бергі атқарылған ауқымды жұмыстардың контекстінде қарастыру қажеттігін атап өткім келеді. Қазақ қоғамына алдағы ұзақ жылдар бойы игі әсерін тигізетін әрі қарай дамуың және әлеуметтік өзгерістердің негізін қалаған ауқымды өзгерістер орын алды.

Мақалада Үкіметтің рөлі артып, оның кеңейтілген өкілеттіктері атап өтілгені аса маңызды. Каскадтық эффект мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріне әсер етті.

«Барлық деңгейдегі шенеуніктер мен басшыларға

қойылатын басты талап – олардың қоғамдық көңіл күй мен оқиғалардан хабардар болуы, адамдардың талап-тілегін тыңдай білу, оларға дер кезінде және нәтижелі жауап беру, дұрыс шешім қабылдау», – дейді Президент.

Осы орайда, біз биылғы жылдың тамыз айында Үкімет қаулысымен бекітілген университетіміздің 2024–2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасын әзірлеуге жұмыстың елеулі бөлігін арнағанымызды айрықша атап өткім келеді. Бұл бізге зор жауапкершілік жүктейді, өйткені біз еліміздің басқа тұрғындарымен бірге жаңа, әділетті қоғам құруға белсене қатысатын мамандарды дайындап жатырмыз. Алдағы оқу жылында біз кадрлық әлеуетті жетілдіруге, оқытудың жаңа әдістерін енгізуге және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге аса мән береміз. Біз сондай-ақ, кредиттер санын оңтайландыруды және оқытушылар құрамы мен студенттерге жүктемені ұтымды бөлуді қоса алғанда, білім беру бағдарламаларымыздың мазмұнын жақсартуға тырысамыз.

«Бірлік, ынтымақ, еңбексүйгіштік, білімге табыну, кәсіпқойлық, өзара қолдау, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық, үнемшілдік – нағыз азаматтар мен патриоттардың құндылықтары мен қасиеттерінің жиынтығы. Ұлтымызды нығайтып, жетістікке жетуімізге мүмкіндік беретін де солар. Осы мұраттарды тәрбиелеу арқылы біз ұлтымыздың жаңа сапасын қалыптастыра аламыз», – деп атап көрсетеді Мемлекет басшысы.

Қорытындылай келе, Президенттің бағдарламалық бастамалары қоғам алдында тұрған күрделі мәселелерді шешуге деген көзқарасының маңыздылығын айқындайтынын тағы да атап өткім келеді. 2024 жыл бәріміздің алдымызға қойылған міндеттерді белсенді жүзеге асыру аясында үдемелі даму үстінде өтеді деп сенемін.

БРИФИНГ

Қазіргі уақытта мегаполистің Еңбек ұтқырлығы орталығында жұмыссыз ретінде 15 727 адам есепте тұр. Оларды тұрақты жұмыспен қамту – бүгінгі күннің тақырыбы. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингінде Алматы қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығы директорының міндетін уақытша атқарушы Асланбек Қуанышов айтты.

ЖЕКЕ БИЗНЕС АШУҒА
ӘРДАЙЫМ ЖОЛ АШЫҚНұржамал
ӘЛШЕВА

«Қазіргі орталыққа 4905 адам жүгініп, 15 727 адам жұмыссыз ретінде тіркелді, оның ішінде 13001-і өткен жылдары тіркелген. Биыл 38 253 адамды белсенді жұмыспен қамту іс-шараларына тарту көзделген. Ал былтыр бұл тұрғыда 52 928 адам қамтылған болатын», – деді А.Қуанышов.

Өткен жылғы мәліметтерге сүйенер болсақ, Еңбек ұтқырлығы орталығына 61 563 адам жүгінген, оның ішінде 41 120-сы жұмыссыз ретінде тіркелген. Әртүрлі себептермен 41 432-сі жұмыссыз деген тіркеуден шығарылды.

Биыл 950 адамды кәсіптік оқыту жоспарлануда, оның ішінде білім беру ұйымдарына 740 адам жіберілетін болады. Қалған 210-ы жұмыс берушілерден жұмыс орнында оқытылады. Сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметке жәрдемдесу іс-шаралары да жалғасуда.

Мемлекеттің қолдауына сенетін 2000-ға жуық адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға жіберілетін болады. Былтыр 9920 адам оқуды бастап, оның 7390-ы бітірді, бұл 74,5%-ды құрайды. Кәсіпкерліктің қырсырын үйреніп, оқып шыққандардың ішінде 4909 адам грант алып, жеке бизнесін ашты. 114 алматылық кәсіпкер ретінде тіркелді, ал 146 адам жұмысқа орналасты.

Оқыту онлайн форматта өтеді. Кәсіпкерлік негіздерін үйренгісі келген жандар business.



enbek.kz порталында өз бетінше тіркеліп, оқи алады.

«Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 358 өтеусіз грант беру жоспарланған. Былтыр бөлінген үш ағын бойынша 375 грант берілді, оның ішінде 374 адам өз кәсібін ашты, 1-еуі кері қайтарылды. 662 шағын несие беру жоспарланған. 2023 жылы 253 адам өтініш білдіріп, оның арасында 201 жоба мақұлданып, 135 кәсіпкер шағын несие алды», – деді А.Қуанышов.

Несие алу үшін Сәтбаев көшесіндегі 5-үйден орын тепкен (Медеу ауданы) «Аграрлық несие корпорациясына» жүгіну қажет.

Бұдан басқа, Еңбек ұтқырлығы орталығы субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырады.

Мәселен, «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасымен биыл 6932 адамды қамту жоспарлануда. 2023 жылы жоспарланған 12 487 адамның саны артып, қоғамдық жұмыстарға 13 241 адам жіберілді. Іс-шаралар аяқталғаннан кейін 8474 адам тұрақты жұмыс тапты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ
БЕРЕРІ МОЛ

«Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасымен биыл 480 адамды қамтамасыз ету жоспарлануда. Ал былтыр 985 адам жіберілді. Іс-шаралар аяқталғаннан кейін 799 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

«Жастар тәжірибесімен» 882 адамды қамту көзделіп отыр. 2023 жылы 899 адам жолданды, оның 665-і қазір де жұмысын жалғастыруда. Бұл бағдарлама нәтижесінде 103 адам тұрақты жұмыс тапты.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша биыл 400 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Ал былтыр 413 жас маман жіберілген болатын. Оның ішінде 310 адам сол жұмыстарын жалғастыруда.

«Ұрпақтар келісім-шарты» бағдарламасына биыл 4 адам тартылмақ. 2023 жылы да 4 адам қатысқан болатын. Оның 1-еуі тұрақты жұмысқа орналасты.

«Күміс жас» жобасы биыл 400 адамды қамтиды. 2023 жылы 385 адам тартылған болса, оның 324-і жұмысын жалғастыруда. Іс-шараны 61 адам аяқтап, оның 15-і тұрақты жұмыс тапты.

АВТОБИЗНЕС

КӨЛІК НАРЫҒЫНДАҒЫ
ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ?

Алматыда «Қазақстанның автонарығы: аналитика, технологиялар, болжамдар» атты баспасөз жиыны өтті. Іс-шара барысында еліміздің автонарығына қатысты нақты деректер айтылып, келер жылға болжамдар жасалды.

Досбол
АТАЖАН

Сарапшы-аналитик Аңсар Абуев іс-шара барысында Қазақстанның көлік нарығындағы бүгінгі жағдайға шолу жасап өтті.

– Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстанда 5,09 млн автокөлік құралы тіркелген. Олардың 88%-ы немесе 4,47 млн-ы жеңіл автомобильдерге, 10%-ы жүк автомобильдеріне (507,5 мың), 2%-ы автобустарға (105,5 мың) тиесілі. 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда Қазақстанда жеңіл автомобильдердің саны 16,5%-ға өсті. ҰСБ-ның деректері бойынша, жыл басынан бері (1 қыркүйекке дейін) елдегі жеңіл автомобильдер санының өсуі 14,4%-ды құрады, бұл – соңғы 10 жылдағы ең жақсы нәтиже. Жалпы 10 жыл ішінде (2013 жылдан 2022 жылға дейін) Қазақстанда жеңіл автомобильдердің саны 6,3%-ға өсті, – деді ол.

Сондай-ақ, сарапшы елімізде жан басына шаққандағы автомобильдердің санына тоқталды. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2023 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша халықтың жеке меншігінде жеңіл автомобильдермен қамтамасыз етілуі 100 адамға шаққанда 22,5 автокөлікті құраған. Салыстырмалы түрде АҚШ-та бұл көрсеткіш 90,8 (2023 жылы), Еуропада – 57 (2021), ал көрші Ресейде – 39,5 (2022) құрайды. Гватемала (2020 жылы 23,7), Гондурас (2020 жылы 22) және Қытай (2022 жылы 22,1) сияқты елдер Қазақстанға жақын көрсеткіштер көрсетті. А.Абуев жиын барысында тағы да бір қызықты дерекпен бөлісті. Қазақстандағы көліктердің 47%-ы қолданымға берілгеніне 20 жылдан асқан ескі көліктер.

– Еліміздегі автомобильдердің негізгі жыл санаты бұл – 20 жылдан асқан ескі көліктер. Мұндай көліктер елде 2,08 млн немесе 47%-ды құрайды. Екінші санат – 10 жылдан 20 жылға



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

дейінгі автокөліктер, олардың саны 1,04 млн немесе 23%-ды құрайды. Қазақстанда 7 жылдан 10 жылға дейінгі автомобильдердің саны 611 мыңға жуық немесе 14%-ды құрайды. 3 жылдан 7 жылға дейінгі көліктердің саны 460 мың немесе 10%. Ал 3 жылдан аспайтын жаңа автомобильдердің саны барлығы 272 мың немесе 6%-ды құрайды, – деді ол.

Қытай көлігі көбейеді

Жиын барысында Аңсар Абуев көлік нарығына қатысты өзге мамандардың болжамдарын таныстырып, өз зерттеуі негізінде жасалған болжамын да атап өтті. Оның айтуынша, алдағы жылы Қытай көліктеріне деген жоғары сұраныс сақталады.


– Біз сарапшылар мен тұрғындардан автонарық туралы сауалнама жүргіздік. Сарапшылар көлік бағасы 10-20%-ға өсетінін болжап отыр. Ал біздің болжам: 2023 жылы елдегі инфляцияның 9,8%-ға дейін түскенін ескере отырып, көлік бағасы 12-17%-ға өседі. Оның басты факторы ретінде Қытай

нарығына негізделген сұраныстың сақталуын айта аламыз. 2023 жылы қаңтар-тамыз айларында Қазақстанда 120,3 мың жаңа жеңіл автокөлік сатылды. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 60,5%-ға көп. Біздің зерттеуіміз бойынша былтыр әрбір сатылған 4-ші көлік Қытай көліктері. 2024 жылы болжам бойынша барлық Қытайдан келетін көлік маркаларын қосып айтқанда олар қазіргі Қазақстан автонарығының сатылым бойынша көшбасшылары Hyundai мен Chevrolet-ті басып озады, – деді сарапшы.

Алматыда қандай
көлік көп?

Өз сөзінде Аңсар Абуев елдегі көліктердің қозғалтқыштарына тоқталып, оның ішінде Алматыда қандай көліктердің көп екенін айтты. Оның айтуынша, отын түрі бойынша Қазақстандағы жеңіл автомобильдердің басым көпшілігі бұл – бензин қозғалтқышы бар көліктер. Елімізде олардың саны 3,91 млн немесе 87,5%-ды құрайды. Аралас отынмен жүретін автомобильдерге (бензин мен газды және/немесе электр энергиясын бірлесіп пайдалануды білдіреді) 8% (372 мың), ал дизель отынымен жүретін көліктерге 2% (84 мың) тиесілі. Электр автокөліктерінің үлесі әзірге төмен деңгейде (0,1%) болып отыр.

– Еліміздің ең ірі қаласы – Алматыда 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша аралас отын түріндегі автомобильдердің саны 22 866 дананы құрады. Алматы қаласында дизель отынымен жүретін автомобильдер салыстырмалы түрде көп (елдегі орташа көрсеткіш 1,9% болғанда 3,7%-ды құрайды). Сондай-ақ, электромобильдердің ең көп саны да еліміздің мегаполисі – Алматыда тіркелді. 1 қазандағы жағдай бойынша олардың саны 3600-ға жуық немесе Қазақстандағы электромобильдердің жалпы санының 59%-ын құрады, – деді ол.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Алла Тағала адам баласын ең көркем бейнеде, өзіндік келбетпен жаратқан. Барлық адам өзінше әдемі һәм тартымды. Сұлу! Ендеше, Жаратқан сыйлаған дара келбетке, ерек көрікке барлық пенде риза болуы керек емес пе?! Сіз де солай ойлайсыз ба?! Бірақ байқасақ, арамызда көркіне көңілі толмай, табиғат берген сұлулықты өзгертуге құмар жандар бар екен. Дегенмен, «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деп жүргендер «артық қылам деп, тыртық қып» алғандардың қателігін қайталамаса екен...

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сұлулық деген бір сикыр сөз. Жан сұлулығы, бұл өз алдына бөлек әңгіме. Біз тілге тиек етерлік сұлулық тән сұлулығы. Келбет! Көрік! Ажар! Жүз! Әлбетте, бұл сипатқа ең алдымен нәзікжандылар қауымы ынтық-ақ. «Қыздарға әсемдік жарасады, ай-көрік биік-тетер аласаны», «Қыздар, қыздар, сұлусыңдар, Акку мойын, ару қыздар»... Әннің бәрі әйел біткеннің сұлулығын паш етеді. Ер-азаматтар сол әйел деген сұлулыққа мойын бұрмай қоймас, сірә! Десек те, бүгінде айналдыра шашын ғана тарап, өз келбетін «Алланың аманаты» деп қабылдайтын нәзікжандылар жоқ емес, бар. Бірақ жасанды сұлулықтың тұңғығына сүңгіп, татуаж, ботекс, қайқиған кірпік пен дүрдиген ерін жасатып, тәніне таңба салудан жарысқан қыз-келіншектер көбейіп барады. Оған дәлелді алыстан іздемей-ақ, Алматыдағы кез келген «Сән салонына» бас сұқсаңыз, жетіп жатыр.

Иә, қыздарға сұлулық жарасады. Әдемілікті айшықтау үшін салонға барып, бетін әрлетіп, шашын сәндітеп жүргенде еш сөкеттік жоқ. Бірақ бет-әлпетіне пластикалық ота жасатып, ажарынан ақша аямай-тындар көп. Айтпақшы, жастарды қойып, кейде үлкен кісілер «жасанды кірпіктерін» қаққанда: «мәңгі жас болам деп, тыраштандудың қажеті бар ма?» деп ойлаып қаламын. Өйткені, табиғат өз дегенін алады. Білгенге, әр кезең өзінше әдемі, күтім жасай жүрсе егер. Ал «әсіреқызыл тез оңары» анық...

Салон салған «естелік»

Қазіргі заманауи көзқарастағы арулар мінсіз мүсіннің иесі атану үшін ештеңеден қорықпайды. Қалтасы көтерсе, олар үшін қалаған уақытында «операция үстеліне» жата салу түк емес. Неге олар өз келбетін місе тұтпай, жасанды сұлулыққа сонша құмар? Пәленбай мындап ақша жұмсайтындай, жасанды сұлулықтың не құдіреті бар?! Бұл ойға түрткі болған жайт: әлеусжелідегі «ернін үлкейтеміз деп, ұсқынсыз күйге түсті» деген тақырыптағы жағымсыз сурет. Адам шошырлық кейіпке түскен арудың ерні бүрісіп, жиырылған тері боп қалған. Бұлай боларын ойлап па, ойлағаны «келісті кескін, әдемі пішінге қол жеткізу» болды емес пе? Бірақ пластикалық ота сәтті шықпағаны суретінен көрініп тұр. Төбемнен мұздай суды құйып жібергендей күй кештім. Біраз уақытқа дейін әлгі көрініс көз алдымда кесекөлендендеп тұрып алды.

Есіңізде ме, осыдан 3-4 жыл бұрын Алматы маңындағы бір қалада «бетін тарттырамын» деп ота жасатқан 59 жастағы әйел көз жұмған. Одан кейін төсін үлкейтеміз, артық майдан арыламын деп ажал құшқан қыздар да болды. «Қасына татуаж жасатамын» деп соқыр болып қалған, «кірпік жабыстырамын» деп биттеп кеткенді де естіген шығарсыз. Тіпті, жай ғана бетін тазартуға косметикалық салонға барған қыздың бетіне жас маған абайсызда қышқыл төгіп алған да жағдайлар болған. Абырой болғанда, әлгі қыздың беті аман, бірақ көзінің астында салон салған із – тыртық қалды. Мұндай жағымсыз оқиғалар тізе берсең көп қой.

Жалпы, дін өкілдерінің айтуынша, адамның өз еркімен әдемі көріну мақсатында косметикалық ота жасатуы дұрыс емес. Сол себепті, Құранда: «Өздеріңді өз қолдарымен қауіп-қатерге салмаңдар» деп бұйырған. Демек, бетті тартып, әжімін кетіру, қабатты лазермен тарту тәрізді әсемдік үшін немесе табиғи көрілікті жасыру мақсатында жасалатын ота жаратылысты өзгертумен тең деп есептеген. Дәрігер мамандар татуаж, татуировка, пирсинг жасау адам ағза-



БЛЕФАРОПЛАСТИКА

ЛИПОСАКЦИЯ

РИНОПЛАСТИКА

МАММОПЛАСТИКА



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ЖАСАНДЫ СҰЛУЛЫҚ

немесе сұлу боламын деп сүйкімің кетпесін...



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Әлемде пластикалық отаға жұмсалатын қаржының ең көбі Оңтүстік Корея қазынасына құйылады екен. Пластикалық операцияның отаны саналатын бұл елдің қыз-келіншектері үшін бет-пішіні өзгерту қалыпты құбылыс саналады. Тіпті, баланың туған күніне ата-анасы ота жасатуға арналған сертификат сыйлайтын көрінеді.

сына тері обырын туғызуы мүмкін екендігін айтып дабыл қағуда.

Өкініштісі, біз мамандардың айтқанына құлақ түре бермейміз. Әйтпесе, пластикалық операцияға көбінесе дене бітімінде туа бітті кемістігі бар немесе түрлі апаттардан жарақат алған жандар барып жатады. Сөйтіп, еріксіз пышаққа түседі. Ендеше, он екі мүшеміз сау тұрғанда бізден асқан бақытты жан жоқ емес пе?!

Бағалысы – жан сұлулығы

Көпке топырақ шашудан аулақпыз, әрине. Біздің әңгіме өзегіне айналдырған тақырыбымыз қаладағылардың барлығы «жасанды сұлулар» дегенді білдірмесе керек. Арамызда самайдағы ақ шашы, көзінің айналасындағы ұсақ әжімдерімен әдемі қартайған аналарымыз да, Алла берген табиғи келбетімен, ешкімге еліктемей-ақ күн кешіп жүрген әпке-сіңлілеріміз де жетіп-артылады. Меніңше, табиғат сыйлаған әдеміліктің сынын кетірмейтін құпия – жанның сұлулығында жатқан сияқты. Сондықтан «жасанды сұлулыққа» емес, адамның жанының сұлулығына да үңіле жүру маңызды. «Сұқтанба қапыда «сұлу» деп құр бетке, Адамдық – ақылда, сұлулық – жүректе» деген өлең жолдары да осы сөзімізге тұздық.

Бәсекеге қабілетті сала

Сән орталықтарының тыныс-тіршілігі бүгінде қайнап тұр. Мәселен, бір ғана Көк базардың айналасында шамамен, 20–30-ға жуық салон бар. Бас сұқсаңыз, ондағы мамандардың ешқашан бос отырғанын көрмейсің. Демек, отандық нарықта сұлулық салондары арасындағы бәсекелестік жоғары. Сарапшылар соңғы жылдары орын алған әлемдік қаржы дағдарысының өзі бұл саланың дамуын тежей алмағанын айтады. Демек, адамға нан мен су қаншалықты керек болса, әйелге де косметика, сұлулық салондарының қызметі соншалықты керек деген сөз. Сөзіміз дәлелдірек болуы үшін MyBusiness.kz сайтында 2023 жылы 16 мамырда жарық көрген мақаладан үзінді келтіргенді жөн көрдік.

Мақала авторының айтуынша, бүгінде Қазақстанның сұлулық салондары нарығының жалпы көлемі 484 млрд теңгені құрайды. Бұл шамамен, 1 млрд доллар. Ал Ұлттық статистика деректері бойынша 2022 жылы бьюти-индустрия саласында көрсетілген қызметтер көлемі 34 млрд теңгеден асқан. Мамандардың айтуынша, Алматы мен Астана қалаларындағы сұлулық салондарының нарығы еліміздегі жалпы нарықтың 40%-ын

алып отыр. Зерттеу аясында мынадай деректер де анықталыпты: қазақстандықтардың көпшілігі (62%) қандай салон таңдаса, жыл бойына тек соған ғана барады екен.

Ал 36%-ы жылына 2-5 салон ауыстырады. 20–30 жас аралығындағылардың 41%-ы салон мен шаштараз ауыстырғанға бейім. Ал 40 жастан асқандардың (қазақстандықтардың 59%-ы) бейілділігі жоғары: олар жылына 1-2 салонға ғана барады. Сондай-ақ, әйелдер арасында сұлулыққа ең көп жұмсайтындар – 31–35 жастағылар екен. Өйткені, осы кезеңде жалақылары жоғарылайды. Ал ерлер үшін бьюти-қызметтерге жұмсалатын шығындардың шарықтау шегі – 46–50 жас аралығына сәйкес келеді. Өйткені, бұл кезеңде ерлер де жоғары табысқа қол жеткізеді.

«Сұлулық» қанша тұрады?

Мақала жазу барысында ғаламтордан пластикалық хирургия және косметология клиникаларының бағасына көз жүгірттік. Білгеніміз, пластикалық отаның ең арзаны ерінге жасалады екен. Бағасы 50 000 теңгеден басталады. Бірақ жеңілдікпен 15 000 теңгеге табуға болады дейді білетіндер. Қыз-келіншектер арасында ең танымал пластикалық ота – блефаропластиканың құны 130 мың теңгеден басталып, отаның күрделілігіне байланысты 350 мыңға дейін жетеді. Орташа құны – 200–300 мың теңге аралығында. Қазақстандық сұлулықтар құп көретін тағы бір ота – липосакция, құны – 200–450 мың теңге. Бетті жасарту оталарының бағасы 500 мыңнан басталып, 2 миллион теңгеге дейін жетеді. Ал ринопластика жасату құны 150 мыңнан басталып, 1 миллионға жетіп жығылады. Маммопластика жасатуға 480 000 – 2 000 000 теңге қажет болса, іш майын алу (абдоминопластика) 500 мыңнан 1,3 млн теңгеге дейін барады. Бөксені өсіру 1 млн теңге тұрады.

ТҮЙІН: Талғаммен киініп, әдемі болып жүру ер адамға да, әйел қауымына да тән. Десек те, қолымызға қалам алып, бұл тақырыпта мақала жазудағы мақсат – қыз-келіншектердің «сұлулығына» сұқтану емес, қанша қаражат жұмсағанын санау да емес, керісінше, сұлу боламын деп сұрын кетірмесе деген ой. Ажарланамын деп «сұлулықтың құрбаны» болмаса екен деген ниет. Әсілінде, нағыз сұлулық сатылмайды. Ол әр адамның өзінде. Ендеше, әр адам «Тән саулығының тамыры – тазалықта, жан саулығының тамыры – саулықта» екенін қағида тұтса керек.

МӘСЕЛЕ

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі мемлекетіміздің экономикалық жүйесі жаппай нарықтық қатынастарға өтіп, ең кенже саналатын жарнама саласының тамырына да қан жүгіре бастаған еді. Қазір бұл сала елімізде ғана емес, қаламызда да қарыштап дами бастады. Бүгінгі күні әлеуметтік өміріміздің негізгі бір бөлшегіне айналды десек те қателеспейміз. Қазіргі кезде қала көшелерінен отандық және шетелдік тауарлар мен түрлі қызметтерді және т.б. дүниелерді көрсету мақсатында орналастырылған жарнамаларды көптеп кездестіреміз. Дегенмен, барлығы деуден аулақпыз, сол жарнамалардың араларында мазмұндысы да, аңадайдан айқайлап тұратын жарымжаны да баршылық. Осы орайда, Алматы қаласы әкімі аппараты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Ардақ Нұрғазинаға жолығып, әңгімеге тартқан едік.



ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАН ЖАРНАМА ТІЛІ БОЛАДЫ?

Алматы қаласы әкімі аппараты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Ардақ Нұрғазинамен сұхбат

Мәтінге мән берген жөн...

– Ардақ Әділқазықызы, адамның көзі ең алдымен шаһар көшелеріндегі жарнамаларға түсетіні анық. Әрине, жарнама қаламыздың бет-бейнесін айшықтап қана қоймай, мәдениетіміздің де айнасы екені сөзсіз. Қала көшелеріне жарнама орналастыру үшін тікелей сіздермен байланысу керек пе?

– Алматы қаласы әкімдігінде жарнама эскиздерінің қазақ тіліндегі мәтіндерін қарап, түзетіп, келісім беру тәртібі енгізілген. Бізге жарнама берушілер мен орналастырушылардың өкілдері сыртқы жарнама эскиздерін белгіленген келісім беру парағының үлгісінде жасап, алып келеді. Жарнаманың қазақ тіліндегі мәтіндері тиісті мамандар тарапынан қаралады, қате тұстары болса түзетіліп, сәтсіз жасалған немесе аударылған мәтіндер бойынша ұсыныстар беріледі, кейде қайтадан жасау үшін кері қайтарылып жатады. Мұндай жағдайда мәтінге келісім берілгені арнайы мөртабанмен расталады.

• Өткен жылдың өзінде қала көшелерінде өз жарнамаларын орналастыруға рұқсат алу үшін жалпы саны – 3824 сыртқы жарнама эскизі келіп түсті. Оларды сараптағанда 2043 эскиздің қазақ тіліндегі мәтіні дұрыс деп танылып, 1386 мәтінге тиісті түзетулер енгізілді. Бұған қоса, 395 эскиз мәтіні қайта жазылуы үшін кері қайтарылды. 3429 жарнама эскизінің қазақ тіліндегі мәтініне келісім берілді.

Сыртқы жарнама сапасы – маңызды жауапкершілік

– Келісім алмай да өз жарнамаларын орналастырғандар болды ма?

– Өкінішке қарай, ондай жағдайлар да болып жатады. Еш келісімсіз заңды белінен басып, жарнама орналастыратындар да болады. Өйткені, қолданыстағы Тіл туралы және Жарнама туралы заңнамада жарнама эскизінің қазақ тіліндегі мәтініне тиісті сараптама жасау, құзыретті органнан келісім алу туралы талаптар белгіленбеген. Сондықтан бұл жұмысты Алматы қаласы әкімдігінің бастамасымен жарнама беруші кәсіпкерлердің өзара келісімі негізінде жүзеге асырып отырмыз.

Дәл қазір Алматы қаласы әкімдігі мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Алматы қалалық филиалы арасындағы Өзара ынтымақтастық туралы меморандум негізінде көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Осы ретте қала көшелеріне орналастырылатын сыртқы жарнама мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі нұсқасының сапасын арттыруға бағытталған жұмыстардың жүйелі түрде жасалып жатқанына тоқтала кеткім келеді. Соңғы уақытта жарнама беруші және орналастырушы кәсіпкерлерге қазақ тіліндегі жарнама мәтінін жасау жөнінде әдістемелік көмек көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары

тұрақты түрде жүргізіліп жатыр. Бұған қоса, жарнаманың сапасын арттыру мақсатында түрлі форматта «дөңгелек үстелдер», семинарлар мен кездесулер өткізіліп тұрады.

Осы жылдың өзінде Алматы қаласы әкімдігінің жауапты мамандары бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамаға қатысты бірқатар сұхбат берді. Тікелей эфирде ұйымдастырылған сұхбаттар барысында Қазақстан Республикасы тіл және жарнама туралы заңнамаларының талаптары түсіндіріліп, деректемелер мен көрнекі ақпарат және сыртқы жарнама мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі нұсқасына қатысты мәселелер талқыланды. Бір қуанарлығы, қала тұрғындары да жарнаманың сапасы мен мәтіндеріне бей-жай қарамайтындарын білдіріп жатады. Міне, осындай жұмыстардың нәтижесінде соңғы кездері қала тұрғындары мен әлеуметтік желіні қолданушылар тарапынан Алматы көшелерінде орналастырылған сыртқы жарнама мәтіндерінің қазақ тіліндегі сапасы жақсара түскені жайлы оң пікірлер айтыла бастады. Дегенмен, әлі де жарнама өнімдерінде калькалық, тікелей жасалған шала-жансар аудармалар, лексикалық, грамматикалық қателер кездесіп қалатынын жоққа шығармаймыз.

Ана тілімізде әсем тіркестер көп...

– Кейде көшедегі жарнамадан қате көргенде, көпшіліктің «тиісті мекемелер қайда қарап отыр екен?» деп айтатыны түсінікті.

– Әрине, дұрыс айтасыз. Алматы қаласы бойынша осындай қателіктерді түзету және кемшіліктерді жою бағытында бірнеше жылдан бері жинақталған тәжірибе бар. Мысалы, «бөөц смешанных единоборств» деген жарнама мәтініндегі «бөөц» сөзі алғашында қазақ тіліне тура мағынасында «жауынгер» деп аударылған болатын. Ал осы сөздің орнына жай ғана «спортшы» баламасы ұсынылып, мәтін нұсқасы «аралас жекпе-жек спортшысы» болып өзгертілді. Осы секілді, ақылды адам – есті кісі, қыс бақылауында – қыс құрығында, жабысып қалу – көз алмау, балғындықты сақтайды – қаз-қалпында сақтайды, саулық маған жарасады – саулығым сұлулығымда деп өзгертіліп, ана тіліміздегі әсем тіркестер қолданылды.

Жоғарыда қазақ тіліндегі мәтініне құзыретті органның келісімін алмай да орналастырылатын жарнамалар болатындығы туралы айттым. Мысалы, осы күзде қала көшелерінің көп жерінде «Идя на поводу своих соблазнов ты можешь потерять самое дорогое!» деген әлеуметтік мазмұндағы жарнама ілінген еді. Оның қазақ тіліндегі қате әрі сәтсіз аударылған «Азғырдың артынан еріп сіз ең қымбатынан айырылып қалуыңыз мүмкін» деген нұсқасы әлеуметтік желілерде қызу талқыланды. Осы мәтінге сын айтқан белгілі журналистер ең алдымен Алматы қаласы әкімдігін айыптады. Алайда, біздің тарапымыздан бұл жарнамаға Алматы әкімдігінде белгіленген тәртіпте келісім берілмегені анықталды. «Ештен кеш жақсы» демекші, жарнаманы орналастырушы тарапқа сегіз түрлі нұсқа ұсынылып, арнайы хат

жолдадық. Сұлу сөзбен өріліп, көркем тілмен кестеленген ұлттық нақыштағы мәтіндер ғана жүректерге жол табары сөзсіз. Жарнаманың қазақ тіліндегі түпнұсқасын жасау кезінде ата-бабаларымыздан қалған бай мұра, тыңдағанның құлақ құрышын қандыратын, көргеннің көзін қуантатын мақал-мәтелдердегі, шешендік сөздердегі әдеби нормаға сай шебер сөздік қолданыстарды пайдаланған жөн. Мұндағы мақсат – ана тіліміздің асыл жауһарларын насихаттау болуы тиіс. Мысалы, біраздан бері тек көшедегі емес, теледидардағы жарнамадан да қайта-қайта көрініп жүрген «Ты не подарок, когда голоден» дегеннің қазақша «Сен аш болсаң, өзіңе ұқсамайсың» нұсқасы «Аш кісінің ашуы қатты» деп өзгертілді.

Жарнама туралы заңнама

– Жарнамадағы мемлекеттік тілдің сапасын арттыруға қандай талаптар қоясыздар?

– Иә, өзіңіз де байқап жүрген боларсыз. Кейде көшенің қақ төрінде ілулі тұрған жарнамаға қарап қарныңыз ашады. Жарнама деген мәнді де, мағыналы болмай ма? Әсіресе, мемлекеттік тілдегі жарнаманың сапалы болғаны барлығымыз үшін маңызды емес пе? Сондықтан сыртқы жарнама мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі нұсқасының сапасын арттыру шараларын бірнеше бағытқа бөліп қарастыруымыз керек.

Біріншіден, жарнама мәтінін жасауда орыс тілінің рөлі әлі де үстем екенін мойындауымыз керек. Жарнама мәтіні о баста орыс тілінде жасалады немесе шет тілінен орыс тіліне аударылады. Ең бастысы, бұл жұмысқа шығармашылық қабілеті бар кәсіби білікті орыстелді мамандар тартылып, оларға тиісті дәрежеде еңбекақы төленеді. Шет тілінде жасалған жарнаманың аударма мәтіні қазақтілді тұтынушыларға қажетті деңгейде жетпей, керісінше жағымсыз әсер қалдырып, көпшіліктің наразылығын тудырып жатады.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңында «деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері орфография нормалары және мәтіннің тең түпнұсқалы аудармасы сақтала отырып жазылады» деп қана көрсетілген. Ал Жарнама туралы заңнамада оның қазақ және орыс тілдерінде таратылатындығы туралы ғана норма бар, мағыналы, мәнді болуы туралы ешқандай талап жоқ.

• Кәсіпкерлер мен жарнама берушілер жарнаманың мемлекеттік тілдегі мәтінінің заңнама талаптарына сәйкес болғандығына ғана мүдделі, оның мазмұнды әрі көркем болуын, көптің көңілінен шығуын мақсат тұтпайды. Сапалы әзірленген орыс тіліндегі жарнамаларды қанағат тұтатын қауымға да қазақ тіліндегісінің қажеті шамалы.

Сондықтан да қазіргі кезде қазақ тілінде жарнама мәтінін жасаушылар негізінен орыс тіліндегі мәтінді «калька әдісімен» қазақша-лауды ғана біледі. Оны да кез келген адамға аудартып жатады. Содан ол мәтін дұрыс шықпай, кейде тіпті қазақ тіліндегі мәтіндерде орфографиялық қателерге жол беріледі. Мысалы, осы күздегі әлеуметтік желіні шулатқан жылытқыш туралы жарнаманы айтуға болады.

Қазақ тілінде жарнама жасаушы кадрлар тапшы

– Мәтіннің сәтті шығуы ақыл-ой еңбегінің жемісі ғой. Жарнаманы қазақша сөйлетуге қабілет-қарымы жететін кәсіби білікті мамандар бар ма?

– Жарнама мәтінін аудару шығармашылық ойлауды және тиісті қабілетті қажет етеді. Сәтті шыққан мәтін – ақыл-ой еңбегінің жемісі. Ал оған өз кезегінде тиісті деңгейде ақы төлену қажет.

• Біріншіден, кәсіпкерлер бір жарнамасын ілу үшін қыруар қаржы жұмсағанымен, оның қазақша нұсқасына келгенде бір тиын шығарғысы келмейді. Жарнаманы қазақша сөйлетуге қабілет-қарымы жететін кәсіби білікті мамандарды жұмысқа алғысы келмейді. Тіпті, іздемейді де. Ең сорақысы сол, қазақ тіліндегі мәтінді дұрыс жазу әкімдіктің міндеті деп санайды.

• Екіншіден, осы кезге дейін сұраныс болмағандықтан, елімізде отыз жылда кәсіби деңгейде қазақ тілінде жарнама жасаушы кадрлар қатары қалыптаспады. Сондықтан осы іске бейімді кәсіби білікті мамандар жұмылдырылған мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін жасайтын арнайы орталықтар не бюролар құру қажет. Ол үшін орталық реттеуші мемлекеттік органдар оның заңнамалық негіздемесін жасауға бастамашы болуы тиіс. Өйткені, бұл мемлекеттік маңызы бар идеологиялық мәселе болғандықтан, оны тек қана кәсіпкерлердің өздерінің құзыретіне қалдыру дұрыс емес деп санаймын.

• Үшіншіден, біз негізінен халықтың қазақ тілін тұтынатын бөлігіне өзге тілді тұтынушыларға арналған өзге тілдегі жарнама мәтіндерінің қазақ тіліне сапалы, сәтті аударылған нұсқасын ғана емес, о баста мемлекеттік тілде туған, яғни қазақша жасалған ұлттық түпнұсқаларын ұсынуға қол жеткізуіміз керек.

Егер кәсіпкер өз жарнамасы арқылы сататын тауары мен көрсететін қызметінің сапасын насихаттауға мүдделі болса, қазақ тіліндегі жарнамадағы ұлттық мүдде мемлекеттік тіліміздің бай қоры мен мол әлеуетін, ана тіліміздің көркемдігі мен терең мағыналылығын, қазақша ойлау мен қазақша сөз саптаудың өзіндік ерекшелігін де жарнамалау болуы тиіс. Жарнама адамдардың санасы мен сезіміне әсер етіп, оның безендірілуі мен қазақ тіліндегі мәтіні ұлттық дүниетанымымызбен астасып жатуға тиіс. Халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді ғой, түбі көпшілік арасында кеңінен тараған «қазақ тілі жарнама тілі бола алмайды» деген жансақ пікірді жоққа шығаруға болады.

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.



ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ – 130

«Қазақ поэзиясының Құлагері» атанған көрнекті қаламгер Илияс Жансүгіровтің туғанына – 130 жыл. Қазақ әдебиетінің барлық жанрына қалам тербеген жазушының шығармашылығын түгел қамтып, газетке сыйдыра алмаймыз. Илияс шығармалары туралы, жалпы ол туралы соңғы деректерді іздегенде, оның атқа мініп түскен біраз суреті табылғаны туралы ақпаратты оқып қалдық.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, ол атты жанындай жақсы көріп, қыл құйрықтының қыр-сырын жақсы білген. Мұхтар Әуезовпен, т.б. тұлғалармен, жеке өзінің де атпен түскен суреттері табылған. Тіпті, қазақ жеріндегі алғашқы дыбыссыз фильмдердің бірі – «Дала әні» атты кинода Илияс Жансүгіров жылқышының рөлін сомдаған. Бұдан оның ат сыны тақырыбына жәйдан-жәй келмегенін аңғарамыз. Сондықтан ақынның шоқтығы биік шығармасы – «Құлагер» туралы сөз еткенді жөн көрдік.

«Құлагер» – Илияс қаламынан туған соңғы шығармалардың бірі. Ақынның кемеліне келген шағында үлкен шабытпен жазған дүниесі. Заманның әділетсіздігі мен дәрменсіздігін Керей Сағынайдың асындағы бәйге арқылы шебер жеткізуі ғажап енді. Алғашқы тарауында ел арасындағы әлеуметтік-қоғамдық мәселелер сырын толғайды, туған елі, жері туралы ойы баяндалады. Шарықтау шегінде халқымыздың ескі дәстүрін дәріптей келе, Сағынайдың асындағы ең маңызды сәт – аламан бәйгені суреттейді.

Оны Ақан серінің қиын да қасіретті өмірі қызықтыра түседі. Поэма басында «Тұсымда сері болсын, пері болсын, ұнайды өмірімен Ақан маған» деп серіге деген құрметін ашық айтады. Халқының махаббатына бөленіп, қамсыз, арам ойсыз ғұмыр кешіп жүрген Ақан сері сұмдық жағдайға тап боларын қайдан біледі?!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тұрсын СЫДЫКОВ,
филология ғылымының докторы,
ілиястанушы:Поэзияның
«сұлу сарайы»

Илияс – заман шындығын терең ашып, дәуірдің қат-қабат шытырман оқиғаларын қаһарманның психологиялық сезім күйлері арқылы бейнелеуге төселген ақын. «Құлагер» поэмасында автор әлеуметтік психология жағына көбірек кетіп қалған. Илияс кедейге, ақынға, палуанға, жүйрік атаулыға шынжыр балақ, шұбар төстіктің озбырлығы мен қиянатын, қолы қатты қастығын азу білей жеткізбек талабы ұлттық салт-сана, мінез-құлқымыз бен ділімізге кереғар оғаштыққа, жол айрығына бұра тарттырған.

Ойлы оқырман Ақан серінің жел жетпес жүйрігі – Құлагерді өз атынан оздырмас үшін мерт қылуға дейін шімірікпей барған қара жүрек, қатыгез Батырашты сатира сойылымен қалай соқса да пейілді. Поэмадағы ақын трагедиясы, тіпті «Құлагер» трагедиясына да пан Нұрмағанбет, керек десеніз, Батыраш та кінәлі еместей қабылданады. Қымызға тойып, мастанған Батыраштың ойынша бұл атыраптың бас бәйгесін Көктұйғыны ғана алуға тиіс. Бұл өңірде онымен бақ таластырар жүйрік тумаған-ды. Батыраш байдың ісініп-кебінуі содан. Ақан сері өзіне-өзі сенімді болса, өр көңіл, жуан кеуде шалдың асып-тасқанына мән бермей, әліптің артын бағып, «Құлагерін» кермеде ашық-шашық қалдырмай, «көзінің құрты бар» көптің назарынан тыс, жасырып ұстауы керек еді. Ақанның түбіне жеткен – басынан сөз асырмайтын «ащы тілі» мен «асау мінез қылығы», «қырық кісімен қырық пышақ боп жүретін» қиырлығы.

Ақанның тежеу көрмеген «ұлы тілі» Батыраш шалдың етінен өтіп, сүйегіне жетеді. Илиястың Ақан серіні тым «бейпіл ауыздандыруының» мәні, айналып келгенде, бәлшебектік таптық идеяның қосына жегілуінде. Поэманың күллі рухы, ащы сатира, ұлы ирония, кекті күлкі осы таптық идеяға бекем бағынған. Егер ақын жүрегінде замана оты лаулап, өз дәуірінің үні болуға тым беріліңкіреп кетпесе, халықтық мүддені таптық идеяның қанжығасына байлап жібермесе, арынды жырдан алқымы іспес дүлдүлі бір күнгі даңқ атағына байланып қалмай, мәңгілік ғұмырдың сырлы бесігін тербетер ме еді?..

Асылы, Илияс тілін тістесе, қабілет, дарыны жырлауға жетпегендіктен емес, социалистік реализмнің сызып берген өлшеулі шеңбері, арзымы кеткен көркемдік әдіс формуласынан айналып шықпауынан тістемек, опық жемек. Мұнан шығатын қорытынды – ақын өзі сойылын соққан идеология талабымен жазып, халықтық мүддені таптық мүддеге бұрыңқырап кеткенімен, поэмалары көркемдік шеберлігі жағынан мінсіз боп келеді.

Академик Р.Нұрғалиев та Илияс Жансүгіров өзі біз ескертіп өткен жайларды іштей құптап, шындықтан ауытқығанын, Ақан серісін тым еркінсітіп, қоздап жатқан шоқты жалаңағымен бастырғанына ыңғайсызданған сезімде болғанын дәл байқап: «Қара дүлей томырық күш, зұлым жауызбен ерегесіп, трагедиялық қателікке ұрынған сері жағдайын Илияс оқырманға шым-шымдай сездіріп отырады» десе, академик М.Қаратаевтың «Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын әдемі образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінді, кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сыңғырлаған кәдімгі он бір буынды қара өлеңнің мінсіз, мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мағынада поэзияның «сұлу сарайы», Жансүгіровтің творчествосының биік шыңы деуге дәлел бола алады», – деген орнықты дәлел, байыпты жауабына риясыз иланамыз.

ҚҰЛАГЕР –

Алаш арыстарының прототипі

«...Ақанның ең аяулы әңгімесі –
Тек бүгін тарқасалық «Құлагермен...»

Коллажды жасаған Нұрбосын ОРІСЖҰЛЫ.

Руда ЗАЙКЕНОВА,
филология ғылымының
докторы, профессор:Аттың сынын
өлеңмен өрген

Сағынайдың дүбірлі асына «Құлагер» мен бәйге баланы алып, Көкшетау жерінен алты қонып Ақан сері де жетеді. Мақсаты – Құлагерді ат бәйгесіне қосу. «Өлгенде Сағынай шал ел шуласқан, Көктұйғын сонан бері ішін тартқан» дегенде «Көктұйғын» – Батыраштың бес жыл бойы неше дуан бәйгенің алдын бермей келе жатқан жүйрік аты. «Ішін тартты» дегені, яғни бір жылдан соң киіз үйдің жабдығын алтынмен аптап, күміспен күттеп отыратын Нұрмұхамбет сияқты алпауыт бай әкесіне ас бермеуі мүмкін еместігін алдын ала болжаған Батыраш Сағынай өле салысымен «Көктұйғынды» баптай бастады деген сөз. Оның «Шаппай бер, бәйгеңді!» дейтін жөні бар. Расында, Көктұйғын – аңызға айналған жүйрік ат.

Қажытай Илиясұлы «Қазақ тарихы қалай бұрмаланса, жылқы тарихы солай бұрмаланған» деген мақаласында: «Менің есебім бойынша, бәйге атының жетпіс тоғыз түрлі сыны болады. Илияс Жансүгіров «Құлагерінде» тұлпар аттың елу үш белгісін жазды» деп көрсетіпті. Оның айтуынша, тұлпар тұлғасы бірден көзге ұрып тұратындай сұлу болмай-ды екен. Оны поэмадан да көреміз.

Сүйегі – сиыр сүйек, қиқы-жықы,
Сал бөксе, жазық бауыр, ұзын тұрқы...
Осы ма, даңқы шыққан Құлагер? – деп,
Ас тегіс Ақан атын қылды күлкі –

дейді ақын. 30–40 ат сыншысы келіп, күле қарап тұрғанда атақты Күренбай сыншы келіп: «Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас, артынан жетпіс жылқы ілесе алмас» дегенде жұрт тына қалады. Себебі, сол кездегі Арқа жерінде Күренбайдан өткен ат сыншысы болмаған. «Жылқының қырағысы, шежіресі, Күренбай көзін сүзіп» қарап тұрып, «Жануар жүйрігі екен жылқы малдың» деп бір тамсанады да, жүйрік аттың Қ.Илиясұлы таныған мынадай белгілерін атап көрсетеді. «Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ, тәулет бас, қамыс құлақ, қуарған жак, құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ, қоян жон, жазық жая, жауырынды, құс топшы, қос шынтағы қалқынқырақ, сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік, түлкі төс, тазы

тізе, ит жіліншік, шашақты, шаппақ етті, аласа ұршық, құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп, Қоқанның жібегіндей жеңіл құйрық» деп кете береді.

Поэмада Күренбай сыншының аузымен «Құлагердің»:

«Қанында шығысың мен батысың жоқ,
Ағылың арғымақтың шатысы жоқ.
Қашаннан қазағымның қолтумасы,
Арабың дүлдүлінің қатысы жоқ», –

деп аттың шығу төркіні қазақы жылқы екенін де атап көрсетеді. Күренбай сыншының «Сүйегі жануардың жылқыдан жат» дегенінде де үлкен мағына бар. Себебі, бұл «текежауыт, қазанат, жабы» сияқты жылқы түрлеріне жатпайды. Ал атбегі Қажытай Илиясұлына сүйенсек: «Әдеттегі жылқының қабырғасының саны 36 болады. Бір жағында 18-ден болып келеді. Ал шын жүйрікте бір немесе екі қысқа қабырға бітеді. Оны қанатты дейді. Ал екіден біткенін қос қанатты дейді». Күренбай сыншы сөзін «Аласың астың алдын, Ақан серім!» деп аяқтайды.

Міне, Күренбай сыншы аузымен І.Жансүгіров қазақ тұлпарының хас белгілерін жазбай танытып тұр емес пе?

Мақсат РАХМЕТ,
актер:Мәселе ұлтқа
қызмет – мінезден
дегенге саяды

«Құлагер» саундромасындағы «Құлагер» рөлін маған берген кезде өте көп ой үстінде болдым. «Сахнада атты қалай ойнап шығамыз?» деген уайым болды. Туындыны әбден зерттедік. Негізгі мақсаты – қазақтың жылқы мінезді ұлт екенін көрсету. «Құлагердің» Батыраштың атағын көре тұра, мәреге қарай оза шабуы Алаш арыстарының өмірін көрсетеді. «Құлагердің» прототипі – Алаш арыстары. Негізінде деректерде «Құлагер» тұр-тұрпаты бәйге атына келіңкіремейтін, өте жуас жылқы болған дейді. Бірақ прототипі Алаш арыстары болғаннан кейін мен өзім жасаған «Құлагерімнің» асаулығын көрсеттім. Осы тұрғыда мені сынағандар да болды. Меніңше, Алаш арыстарында мінез болмаса, кері шегініп, айтқанмен жүріп, айдауға көнсе, олар атылмас еді. Мәселе ұлтқа қызмет – мінезден дегенге саяды. Әлі күнге дейін көрерменнің оң бағасын алып келе жатқан қойылым. Театрдағы ең сүйікті рөлдерімнің бірі, әрі сол рөл маған бұйырғанын жоғары мәртебе санаймын.

P.S.

«Құлагер, барғанда
ақыретке пырағым бол!»

Илияс Жансүгіровтің қолтаңбасына айналған бұл поэманы алғаш рет режиссер Болат Мансұров 1972 жылы кино тілінде сойлетті. Бірақ фильм көптің ойынан шықпай, қатты сынға ұшырады. Одан кейін Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөсірімдер театрында Фархад Молдағалидің режиссерлігімен 2020 жылы 4 наурызда «Құлагер» саундромасының премьерасы өтті. Ал қойылым туралы әңгіме бөлек. Сахнада адам емес, арғымақтар жарысқандай болды. Қаламгер шығармасының желісімен жасалған дүниені көргенде түпнұсқамен салыстырып, баға беру әдетке айналған. Бірақ сол күні туындымен жақсылап таныспай тұрып, бірден қойылымды көру қателік болды. «Құлагердің» өлген сәтін Илияс:

Шаппып қан шекесінен шыр айналды,
Сылқ етіп Құлагер ат құлап қалды.

Құлагер шаппытқанда көкке қанды,
Тек бала шыр-шыр етіп аттан салды, –

деп суреттесе, дәл осы кездегі сахна төбесінен шашылған қызыл таға мен ажал кейіпіндегі «Қанаттының» ащы даусы сүйегінді сірестіреді. Сахнада Ақаннан гөрі сыншының «Құлагермен» байланысы мықтырақ болды. Күренбай сыншының ат түстеу, атты сынау мен тануына еріксіз тандай қағасын. Бүгінде ескіріп бара жатқан сыншылық өнерді, жалпы Илиястың айтқысы келгенінің бәрін сыншы шебер жеткізді.

Ақанның бай-байлап «Құлагерін» құшақтап, жоқтаған азалы әні Ереймен елін ғана емес, бүкіл қазақ даласын еңіретті.

Құлагер, айналайын жүлде алғаным,
Басындай Арқарлының күн шалғаным!
Барғанда ақыретке пырағым бол,
Қызығын көре алмадым бұл жалғанымның.



МАМАН КЕҢЕСІ

ҚЫЗЫЛША

балалар үшін аса қауіпті

Қызылша дерті әлі де өзекті тақырып болып тұр. Мәселен, күні кеше елімізде бес баланың жансақтау бөлімінен бір-ақ шыққаны туралы хабар тарады. Бес балдырғанның ең үлкені үш жасқа да толмаған, ал ең кішісі бес айлық. Олардың бәрі екпе алмағандар.



Иә, сарапшылар кейінгі жылдары бұл ауру көптеген мемлекетте вакцина салғызбағандықтан және вакциналауға қарсы түрлі қозғалыстардың белең алуына байланысты өзекті мәселеге айналғанын айтуда. Қызылша – ауыр асқынуларға, тіпті өлімге жеткізетін жіті вирусты жұқпалы ауру. Алматыдағы №11 қалалық емхананың дәрігері Құндыз Есенғұлова қызылшаның балалар үшін аса қауіпті екенін және бұл аурудың алдын алудың негізгі құралы екпе екенін түсіндіреді.

Дәрігер-маман балалардағы қызылшаның қандай асқынуларға әкелетінін айтты. Мәселен, қызылша өткір вирустық пневмонияны тудыруы мүмкін, бұл тыныс алудың ауыр проблемаларына және тіпті өлімге әкелуі ықтимал. Ал кейбір балаларда мидың қабынуын (энцефалит) тудыруы мүмкін. Бұл жүйке жүйесінің зақымдануына, ақыл-ойдың артта қалуына, деменцияға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

Қызылша баланың иммундық жүйесін әлсіретіп, оны басқа инфекцияларға төтеп

бере алмайтындай осал етеді. Кейбір балаларда көз алмасының қабынуына соқтырады. Бұл көру қабілетінің нашарлауына және тіпті соқырлыққа әкеледі.

Егер қызылша ауыр немесе асқынған болса, бала өліп те кетуі де мүмкін. Сондықтан дәрігер қызылшаға қарсы екпе – аурудың алдын алудың ең тиімді жолы екенін атап өтті. Осы орайда айта кетсек, бірінші вакциналау балаларға 12 айлық кезінде, екіншісі 6 жаста жасалады.

Өткен жылғы 10 қарашадан бастап Алматы қаласында балаларға қызылшаға, қызамыққа, паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізілуде. Сондай-ақ, қызылшаға қарсы профилактикалық иммунизациясы жоқ медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлеріне де екпе жасалуда.

Бүгінгі күні емханада тұрғындарды қызылша, қызамық және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау жұмыстары жалғасуда. Дәрігердің пікірінше, вакциналау баланы қызылшадан өзін ғана қорғап қоймайды, сонымен қатар қандайда бір себептермен вакциналанбайтын адамдарды қорғап, ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға көмектеседі. Сондықтан маманның пікіріне құлақ асқан дұрыс шығар.

ЕКПЕ

САҚТАНУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

11 жастағы қыздар адам папиллома вирусына қарсы вакцинаны тегін ала алады

Елімізде 11 жастағы қыздарға адам папиллома вирусына қарсы вакцина егу қолға алынбақшы. Екпені ата-ананың жазбаша келісімімен жаңа оқу жылының басында, яғни 2024 жылдың күзінде, мектептерде толығымен тегін алуға болады.



Жоғары онкогенді қауіпті адам папиллома вирусы – жатыр мойны обырының дамуының негізгі этиологиялық факторы. Жатыр мойны обырының 97%-ы осы вируспен байланысты. Созылмалы вирус тасымалдау белгілі бір жағдайда жатыр мойны обырының дамуына әкелуі мүмкін. Бүгінде жатыр мойны обыры дамушы елдердегі әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісіктің бірі. Тек Алматының өзінде 2023 жылы жатыр мойны обырына шалдыққан 223 адам тіркелген болса, Алматы онкологиялық орталығында барлығы 2522 әйел осы аурумен есепте тұр.

Жатыр мойны қатерлі ісігі еш симптомсыз өтуі немесе жыныс жолдарынан кез келген қалыпты емес бөлініс, іштің төменгі бөлігінде және бел аймағында ауырсыну орын алуы мүмкін. Алматы онкологиялық орталығы онкология бөлімшесінің меңгерушісі Райхан Болатбекова жатыр мойны обыры толықтай алдын алуға болатын ісік екенін атап өтті. Сондықтан онколог адам папиллома вирусына қарсы вакцинаны алуды ұсынады. Зерттеулер көрсеткендей, вакцинаның қорғау мерзімі ұзаққа барады. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, екпенің иммуногенділігі вакцина енгізілгеннен кейін 10 жыл ішінде төмендеген.

ДДСҰ бұл вакцинаны қауіпсіз және тиімді деп бекітті. Вакцинаны бүкіл әлем бойынша мыңдаған адам зерттеген және осы зерттеулердің нәтижесінде ешқандай елеулі жанама әсері болмаған. Ең жиі кездесетін жанама әсері ретінде тек инъекция орнының қызаруы, температураның жоғарылауы, бас айналу және жүрек айну көрсеткіштері тіркелген. Жатыр мойны обырының тұрақты скринингі (ПАП, АПВ тестілері) және

бақылау жатыр мойны обырының көптеген жағдайының алдын алатыны анық. Дамыған елдердегі табысты скринингтік бағдарламалар жатыр мойны обырына шалдығу көрсеткіші мен өлімді екі есе төмендеткен.

Республикамызда жатыр мойны обырын ерте анықтау бойынша Ұлттық скринингтік бағдарлама жүргізіліп жатыр. 30–70 жас аралығындағы әрбір әйел өз емханасында жатыр мойны обырына тегін скринингтен өте алады. Қаңтар – жатыр мойны обыры туралы хабардар ету айы. Соған орай еліміздің барлық онкологиялық орталықтарында 2024 жылдың 27 қаңтарында «Ашық есік» күні өтеді. Алматы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Райхан БОЛАТБЕКОВА, Алматы онкологиялық орталығының бөлімше меңгерушісі:

Бұл – уақыт талабы

Жаппай екпе алатын тұрғындардың негізгі бөлігі – 9–13 жас аралығындағы жасөспірім қыздар. Бұл кезең қыз балалардың жыныстық жағынан белсенді даму уақыты басталғанға дейін жаппай егу мақсатында таңдалды. Өкінішке қарай, жыныстық қатынасқа 10 жасында түскен оқиғалар да орын алған. Дәлірек айтсақ, АҚШ-та жүргізілген зерттеулер жасөспірімдердің 2%-ы жыныстық қарым-қатынасты 10–11 жаста бастағанын көрсеткен. Сондықтан ең дұрыс жол – вакцина алу. Бұл – уақыт талабы. ДДСҰ аталған екпені 26 жасқа дейін алуды, ал АҚШ-та 45 жасқа дейін алуды ұсынады. Бұл жыныстық қарым-қатынаста белсенді әйелдер үшін АПВ вакцинасы пайдалы екенін меңзейді. Бірақ вакцинаның әсері белсенді болғанға дейінгіге қарағанда азырақ болады. Себебі, олар АПВ вирусының бір немесе бірнеше түріне ұшыраған болуы мүмкін. Қалай дегенмен де, адам папиллома вирусына қарсы вакцина қатерлі аурудың алдын алады, яғни одан қорғану жолы – екпе.

қаласының тұрғындары мен қонақтарын 27 қаңтарда сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Алматы онкологиялық орталығына онкогинекологтың тегін кеңесіне шақырамыз.

«Қазақстан халқына» қоры:

ӘЛЕУМЕТПЕН
БІРГЕМІЗ!

Әлемдегі ең қымбат
«Золгенсма»
препаратына қол
жеткіздік

«Қазақстан халқына» қоры денсаулық сақтау саласында жалпы сомасы 103,3 млрд теңгеге 12 қайырымдылық бағдарламасы мен жобасын іске асыруда. Қор басшысы Болат Жәмішевтің айтуынша, сирек кездесетін (орфандық) ауыр, өмірге қауіп төндіретін және созылмалы аурулары бар 382 пациент дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. Оның 296-сы – бала.

Бүгінде 39 препарат сатып алынды, оның 9-ы елімізде алғаш рет сатып алынып отыр. Оның ішінде әлем бойынша ең қымбаты «Золгенсма» да бар. Бұл медицинаменттің нарықтағы бағасы 2 млн 100 мың доллар тұрады. Сатып алғандағы жалпы сомасы 31,6 млрд теңгені құрады. Ахондроплазиямен ауыратын 10 бала сүйектің өсуіне ықпал ететін инновациялық Воксого (Восоритид) препаратын қабылдауды бастады.

Орфандық дәрі-дәрмектерді сатып алу шығыстарын зерделеген кезде 47 орфандық препараттың өте қымбат екені белгілі болған. Мысалы, бір пациентті емдеу курсының орташа құны мукополисахаридоз ауруына «Элосульфаза альфа» препараты – 131,3 млн теңгені, жұлын бұлшықет атрофиясына қолданылатын «Нусинерсен» – 114,3 млн теңгені, Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы үшін «Аталурен» – 147,8 млн теңгені, ал Фабри ауруымен ауыратындарға керекті «Агалзидаз бета» препараты 68,3 млн теңгені құрайды.

Халықаралық тәжірибеде мұндай пациенттерді емдеу мен қолдау үшін негізгі шығындар көбінесе қайырымдылық көмек арқылы өтеледі. Міне, осы орайда қымбат дәрі-дәрмекке мұқтаж отандастарымызға ел Президентінің Жарлығымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры көмектесіп келеді. Сондай-ақ, 13 аймақтағы 28 медициналық ұйымға офтальмологиялық скринингке, шала туылған нәрестелердің ретинопатиясын емдеуге арналған жабдықтар жеткізілді. Бұл дамымаған көру органдарын ерте анықтауға және емдеуге, балалардың мүгедектігін болдырмауға мүмкіндік береді.

С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ университеттік клиникасында 2023 жылдың мамырынан желтоқсанына дейін мүйізді қабықты трансплантациялау бойынша 93 ота жасалды. Шұғыл қасаң қабықты трансплантациялауды қажет ететін 304 пациент трансплантация арқылы көру қабілетін қалпына келтіре алды.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №82 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 12 қаңтарда №192398 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2023 жылғы 29 желтоқсандағы

№82

Алматы қаласының дизайн-кодын бекіту туралы

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 15) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

- Қоса беріліп отырған Алматы қаласының дизайн-коды бекітілсін.
- Осы шешімнің талаптары 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданылатын қолданыстағы объектілерді (субъектілерді) қоспағанда, осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

М. Отыншиев

*Алматы қаласы мәслихатының
2023 жылғы 29 желтоқсандағы
№82 шешіміне қосымша*

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ДИЗАЙН-КОДЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласының Дизайн-коды (бұдан әрі – Дизайн-код) Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес әзірленді және Алматы қаласының тарихи, ландшафттық-табиғи, функционалдық, жергілікті ерекшеліктері және тұрғындары мен қонақтарының заманауи қажеттіліктерін ескере отырып, Алматы қаласының сәулеттік стилін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы құжатта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық құрылыстар – сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, оларға кез келген сипаттағы ақпаратты жазуға, орналастыруға немесе көрсетуге арналған әртүрлі көлемді немесе жалпақ объектілер, оның ішінде видео бейнелерді көрсетуге арналған экрандар мен электрондық таблолар;

2) бірыңғай сәулеттік стиль – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс салу ауданына, оның ішінде жеке құрылыс салуға тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады. Жеке құрылыс салу ауданы үшін сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулары, жабын түрі мен учаске аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы негізгі өлшемдер болып табылады;

3) ғимарат – табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсегуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін;

4) дизайн код – бұл қалалық кеңістік элементтерінің міндетті визуалды құрамдас элементтерін реттейтін талаптар жинағы: ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттері, абаттандыру, маңдайшалар, нұсқағыштар, шағын сәулет нысандары және біртұтас эстетикалық сәулетті, жайлы, қолайлы және қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған қалалық инфрақұрылымның элементтері;

5) көше жиһазы (жабдық, шағын сәулеттік нысандар) – елдімекендерде үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орнатылатын декоративтік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (гүл құмыралары, павильондар, отырғыштар, орындықтар, коқыс жәшіктері, қоғамдық көлік аялдамалары, ақпараттық панель, балалар ойындарына және ересек тұрғындардың демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

6) көше навигациясы – бұл орналасқан жерін, жақын жердегі көрікті жерлер бағытын және басқа маршруттарды көрсететін карталары бар көрсеткіштер, ақпараттық стендтер мен панельдер жүйесі;

7) қалалық кеңістік – бұл қала тұрғындары мен инфрақұрылымының әлеуметтік-мәдени ортасы;

8) маңдайша – ғимаратқа кіру орындарының саны бойынша оған кіру шегінде және (немесе) алып отырған аумақтың қоршауына кіруде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың нақты тұрған және тауарларды өткізетін, жұмыстарды орындайтын және қызметтерді көрсететін жерлердегі ғимараттарының, оларға жапсарлас құрылыстарының және уақытша құрылысжайларының шегіндегі шатырларда және қасбеттерде орналастырылатын, дараландыру құралдарын қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың атауы және қызметінің түрі туралы ақпарат;

9) мекенжай тақтайшасы – ғимараттың қасбетіне орналастырылатын, оның нөмірі мен көше атауы көрсетілген тақтайша;

10) муралдар (граффити, стрит-арт) – ғимарат қасбеттерінің қырғаларына және қала кеңістігінің басқа да беттеріне жазылған, сызылған немесе бояумен не сиямен жазылған өнер, сурет немесе жазулар;

11) нұсқағыш – жерде немесе түйіспелі желі мен жарықтандыру тіректерінде орнатылған, ұйымның, сауда немесе өзге де объектінің орналасқан жерін көрсететін және оған тікелей жақын орналасқан, оның атауы туралы ақпаратты қамтитын, көлемі кемінде екі шаршы метр құрылғы, оны бірегейлендіру (бар болса) мен навигация құралдары;

12) төсем – маңдайшалардың негіздеріне арналған сәнді рамка;

13) сәулеттік-ландшафтық орта – адам шаруашылық қызметті және басқа да функцияларды жүзеге асыратын, табиғи жағдайлар мен сәулеттік нысандар ұштастырылған кеңістік. Әдетте, бұл елдімекендер ортасы, ол адамның өмір сүру жағдайлары мен психикалық-физикалық жай-күйін айқындайды;

14) стационарлық емес сауда объектісі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне, оның ішінде, автоматтандырылған құрылғыға немесе көлік құралына қосылған немесе қосылмағанына (технологиялық қосылу) қарамастан, жермен тығыз байланысы жоқ уақытша құрылым немесе уақытша құрылғы;

15) уәкілетті орган – функцияларына Дизайн-код талаптарын іске асыру кіретін Алматы қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшесі;

16) фриз – маңдайшаларды орналастыруға жарамды қасбеттің көлденең жалпақ жері. Әдетте, ол бірінші қабаттардағы терезелердің үстінде, аз қабатты ғимарат қасбетінің жоғарғы жағына немесе кіреберіс тобының күнкағарына орналасады;

17) штендер – жылжымалы ақпараттық құрылғы.

2-тарау. Негізгі талаптар

3. Дизайн-код сәулет-ландшафт ортасын қалыптастыру, көшелердің, магистралдардың, туристік маршруттардың, қаланың басқа аумақтарының сыртқы көрінісі тұжырымдамасын безендіру және абаттандыру элементтерін орналастыру талаптарын, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін безендіру талаптарын қамтиды.

Тарихи орталықтың шекараларында (Алматы қаласының қолданыстағы Бас жоспарында белгіленген), сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарында барлық қала құрылысы объектілері мен олардың сипаттамалары, мәдени және тарихи құндылығы сақталуы тиіс.

4. Дизайн-код Алматы қаласының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдар мен барлық меншік нысанындағы ұйымдар арасында туындайтын қатынастардың реттейді, жайлы және қауіпсіз қалалық ортаны, аумақтық жоспарлаудың негізгі модельдерін және жоспарлау құрылымын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды қалыптастыруға бағытталған.

3-тарау. Сыртқы (көрнекі) ақпарат

5. Қаланың түстер палитрасының бірыңғай гаммасы қалалық ортаның барлық элементтеріне, ғимараттардың әрлеу материалдарына, маңдайшалар мен ақпараттық құрылыстарға, аумақтарды абаттандыру элементтеріне, көше жиһаздарына, стационарлық емес сауда объектілеріне, велосипед тұрақтарына, қоршауларға, сондай-ақ инженерлік құрылыстарға қолданылады.

6. Ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін безендіру кезінде сәулеттік стильге тән емес түрлі-түсті пайдалануға жол берілмейді.

7. Ғимараттардың бірінші және екінші қабаттарының тұрғын емес үй-жайларының түстері мен әрлеу материалдары қасбеттердің сәулеттік стиліне сәйкес келуі және ғимараттың сәулетін қабылдаудың тұтастығын бұзбауы тиіс.

8. Тарихи және сәулеттік құндылығы бар ғимараттардағы сәндік элементтер тарихи көрініске сәйкес қалпына келтірілуі тиіс.

9. Ғимараттар мен құрылыстардағы маңдайшалар мен ақпараттық құрылыстар қасбеттің және қоршаған қалалық ортаның сәулеттік стилімен үйлесуі тиіс.

10. Маңдайшаларды орнату оны нақты орнату күніне дейін эскизді қоса бере отырып, хабарлама жіберу арқылы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

11. Маңдайшалар фриздерде, кіріс тобының үстінде (кіретін жердің санына қарай), есіктің бір жағының осі бойынша Дизайн-кодтың 1-қосымшасына сәйкес орнатылады.

12. Ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттеріндегі маңдайшалар мен ақпараттық құрылыстар ағаштан, металдан, пластиктен және композиттік материалдардан жасалады.

13. Ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттеріндегі маңдайшалар мен ақпараттық құрылыстар жарқырайтын қорап форматында пластиктен, органикалық әйнектен және/немесе поликарбонаттан жасалады.

Жарқырайтын қорап ғимараттың немесе құрылыс қасбетінің жалпақ жеріне тығыз жанасуы тиіс. Қораптың ұштары қасбеттің түсінедей болып боялуы тиіс.

14. Ішкі жарығы бар көлемді әріптерді орындау кезінде әріптер қалыңдығының өлшемін қаріптің негізгі штрихы қалыңдығының екіден бірін орнату қажет.

15. Жертелө және цоколды қабаттарда орналасқан ұйымдардың маңдайшалары мен ақпараттық құрылыстары Дизайн-кодтың 2-қосымшасына сәйкес есіктің бір жағының осі бойынша кіру тобының үстіне немесе баспалдақ аралықтарының күнкағарларына орналастырылады.

Ақпараттық тақтайшалар төсем мен жарқырайтын қорапты пайдаланусыз, есік табалдырығынан кемінде 0,8 метр биіктікте орналастырылады.

16. Ғимараттардың бірінші қабаттарында орналасқан мемлекеттік органдарды қоспағанда, ұйымдардың маңдайшалары мен ақпараттық құрылыстары үй-жайға кіреберістің үстіне есік ойығының орталық осі бойынша және фриз немесе карниз осі бойынша, есік табалдырығынан кемінде 2,5 метр және 4,5 метрден аспайтын биіктікте, аралас маңдайшалармен бір деңгейде орналастырылатын.

17. Дизайн-кодтың 2-қосымшасына сәйкес ғимараттардың екінші қабаттарында орналасқан ұйымдардың маңдайшалары терезе ойығының жоғарғы осінен 0,4 метрден кем және 0,6 метрден астам биіктікте, жарқырайтын қорапты пайдалана отырып, панель-кронштейн және тақтайша түрінде төсеммен орнатылмайды. Дизайн-кодта белгіленген жағдайларды қоспағанда, ақпараттық құрылыстар ғимараттардың екінші қабаттарының деңгейінен жоғары орналастырылмайды.

18. Қосымша құрылыстарда және жеке тұрған ғимараттарда орналасқан мемлекеттік органдарды қоспағанда, ұйымдардың маңдайшалары мен ақпараттық құрылыстары үй-жайға кіреберістің үстіне есік ойығының орталық осі бойынша және фриз немесе карниз осі бойынша орналастырылады.

19. Сауда және коффункционалды орталықтарда орналасқан мемлекеттік органдарды қоспағанда, ұйымдардың маңдайшалары мен ақпараттық құрылыстары терезе ойықтары мен балкондарды жаппай, сондай-ақ Дизайн-кодтың 4-қосымшасына сәйкес ғимараттардың сәулеттік көрінісін бұзбай кіреберіс топтардың үстіне, қасбеттердің бітеу қабырғаларына орналастырылады.

20. Маңдайшалар мен ақпараттық құрылыстарды:

1) тұрғын емес объектілердегі шатыр және қасбеттік қондырғыларды қоспағанда, үй-жайға кіру тобының шегінен тыс;

2) электрондық таблоларды (шатыр және қасбет қондырғыларын қоспағанда), не жүгіртпе жолдарды пайдалана отырып;

3) балкондардың қоршаулары мен плиталарына, лоджиялар мен эркерлерге;

4) сәулет элементтері мен ғимараттың көрінісін жабу арқылы;

5) ойықтың 30%-дан ауданын жаба отырып, терезе ойықтарына және витриналарға;

6) қасбеттің бүйір шегінен және қасбеттің жалпақ жерінен тыс шығыңқы;

7) тұрғын үйлердің кіреберістерінің шегіне;

8) тік бағытта;

9) кіретін жер санына қарай 1 (бір) бірліктен артық мөлшерде орналастыруға жол берілмейді.

21. Ақпараттық тақтайшаларды ұйымдардың кіру топтары шегінде, есіктің бір жағының төменгі жиегі деңгейінен кемінде 0,8 метр биіктікте орналастыру қажет.

22. Стационарлық емес сауда объектісінде маңдайша 1 (бір) бірліктен аспайтын мөлшерде қасбеттік бөліктің арнайы бөлінген жеріне орнатылады.

23. Қоғамдық көлік аялдамаларын реконструкциялау уәкілетті органмен келісу арқылы жүзеге асырылады.

24. Нұсқағыштар 1 (бір) бірліктен аспайтын мөлшерде және кіру тобынан 15 (он бес) метрден аспайтын қашықтықта орнатылады. Нұсқағыштың өлшемдері – ұзындығы 1,5 метр және ені 0,9 метр.

25. Штендер кіру тобынан 5 (бес) метрден аспайтын қашықтықта орнатылады.

Штендер ұйымның бейініне сәйкес келіп, фирмалық стиль түсінедей болып безендірілуі тиіс.

Штендерлер жаяу жүргіншілердің өтуіне кедергі жасамай, көгалдарға немесе тротуарға орнатылады.

26. Шатыр үсті қондырғылар (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неонды әріптер) түріндегі маңдайшалар мен ақпараттық құрылыстарды орнату Қазақстан Республикасы Әділет министрлігін-

де 2015 жылғы 30 желтоқсанда №12684 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 «Құрылыс саласында құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Төбелік қондырғылар металдан, пластиктен, органикалық әйнектен, поликарбонаттан, композиттік материалдардан жасалады.

Төбелік қондырғылар ішкі жарығы бар, төсемсіз жеке тұрған әріптерден жасалады. Қаңқасы мен монтаждау элементтері қою сұр түске боялады.

27. Қасбеттерді сәндік және ақпараттық панельдермен немесе баннерлермен біртұтас жабуға жол берілмейді.

28. Ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттеріне (тұрғын үй құрылысы объектілерінен басқа) маңдайшаларды, ақпараттық құрылыстарды және бейнежазбалар мен статикалық бейнелер арқылы таратылатын басқа да ақпараттық материалдарды тек ғимараттар мен құрылыстардың бітеу жағына ғана орнатуға жол беріледі.

4-тарау. Көше навигациясы жүйелерін орнату және безендіру

29. Көше навигациясы жүйесі жаяу жүргіншілер көп жүретін жерлерде және жаяу жүргіншілер маршруттары бойынша (қиылыстарда, қоғамдық көлік аялдамаларының жанында) орналастырылады.

30. Көше навигациясы объектілері күн сәулесінің әсерінен жанып кетуге төзімді материалдардан жасалуы тиіс.

31. Көше навигациясы объектілерінде қардың жиналуына ықпал ететін көлемді бөлшектерді пайдалануға жол берілмейді.

32. Алматы қаласының аумағында жеке тұрған объектілер (ақпараттық стелалар, ту көрсеткіштері, цифрлық стендтер, көлік және жаяу жүргіншілер навигациясының көрсеткіштері), ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттеріндегі тақтайшалар, төсемдерге немесе жол жабындарына салынған навигация түрінде көше навигациясын орнатуға жол беріледі.

33. Жеке тұрған көше навигациясы объектілері үшін электрмен қоректендіру желісінен авариялық ажырату жүйесімен және электр желілеріне жерасты қосумен жабдықталған ішкі жарығы бар, МЕМСТ 30698-2014 талаптарымен әзірленген және соған сәйкес келетін қауіпсіз соққыға төзімді түрде шыныланып, жер деңгейінен шығып кетпеген бетон немесе шойын іргетасты пайдалану қажет. Шынылауға қойылатын талаптар экрандар және электрондық табло түріндегі объектілерге қолданылмайды.

34. Ту көрсеткіштерінің, ақпараттық стелалардың және жаяу жүргіншілер навигациясының цифрлық стендтерінің құрылғылары Дизайн-кодтың 5-қосымшасына сәйкес орындалады.

35. Ескерткіштерді, монументтерді, ландшафтық және табиғи объектілерді сипаттайтын навигациялық тақтайшалар осы объектілерге жақын орналасады.

36. Навигациялық тақтайшалар биіктікте және құлау бұрышымен (1,7 метр – 90 градус, 1,2 метр – 60 градус, 1 метр – 45 градус және 0,8 метр – 30 градус) орнатылады.

37. Жеке тұрған көше навигациясы объектілері:

1) автомобиль жолдарының бөлу жолақтарында, сондай-ақ жолдың аралас жүріс бөліктерін бөлетін жер учаскелерінде;

2) автомобиль көлігі, жаяу жүргіншілер мен аялдамалар қозғалысының көрінуін жаба отырып;

3) көлік ағынының қозғалыс бағыты бойынша жаяу жүргіншілер өткелдерінің белгісіне дейін кемінде 20 метр қашықтықта;

4) инженерлік коммуникациялардың күзет аймағында;

5) ағаштардан кемінде 3 метр қашықтықта;

6) жарықтандыру желілерінің электр тарату желілерінен кемінде 1 метр қашықтықта;

7) метроға және жерасты өткелдеріне кіреберістен, қалалық коммуналдық жарықтандыру желілерінің тіректерінен, троллейбус желілері мен бейнебақылаудан, бағдаршамдардан кемінде 5 метр қашықтықта;

8) сыртқы габариттер шегінен шығатын элементтерді пайдалана отырып орнатылмайды.

38. Мекенжай тақтайшалары ғимараттар мен құрылыстардың бітеу қасбеттеріне бірінші және екінші қабаттар арасындағы биіктікте орнатылады. Мекенжай тақтайшаларының габариттері биіктігі 0,5 метрден, ал ұзындығы 1,5 метрден аспайды.

39. Ғимараттар мен құрылыстардың бітеу қасбетіндегі үлкен форматты мекенжай тақтайшасының өлшемінің биіктігі 3 метрден аспайды және ұзындығы 3 метрді құрайды.

5-тарау. Көше жиһазын орнату және безендіру

40. Көше жиһазының дизайны сәулет және ландшафт стилімен үйлесе отырып, жалпы қалалық көрініске сәйкес келуі тиіс.

41. Көше жиһазы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы №1202 «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулысына сәйкес қауіпсіз болып, экологиялық және төзімді материалдардан жасалуы тиіс.

42. Көше жиһазы жарамды күйінде тұруы керек. Жарамсыз көше жиһазы қаланың көрінісін нашарлатпауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде ескертетін ақпарат жазылған уақытша қоршаулар орнату қажет.

43. Ортақ пайдаланылатын аумақтарда (скверлерде, саябақтарда және жаяу жүргіншілер көшелерінде) уәкілетті органның келісімі бойынша шағын сәулет нысандарын орнатуға жол беріледі.

44. Отырғыштар түріндегі көше жиһазы тротуарлар мен жаяу жүргіншілер кеңістігінің шетіндегі ойық жерлерге, сондай-ақ жаяу жүргіншілер мен коммуналдық техникаға кедергі келтірмей, жаяу жүргіншілер жолының шетіне арнайы ойықсыз орналасады.

45. Отырғыштар мен орындықтар Дизайн-кодтың 6-қосымшасында көрсетілген параметрлерге сәйкес келуі тиіс.

46. Урналар жаяу жүргіншілер ағынына кедергі келтірмей, жаяу жүргіншілер кеңістігінің ойық жеріне орналастырылуы тиіс. Отырғыштардың жанына орналастырған кезде урна Дизайн-кодтың 7-қосымшасына сәйкес отырғыштың бір немесе екі жағынан, отырғыштың сыртқы жағынан кемінде 50 см және 1 метрден аспайтын қашықтықта тұруы тиіс.

47. Жеке урналарды қоспағанда, коқыс жинау алаңдарын (вакуумдық, контейнерлік, жерасты) ортақ пайдалану аумақтарында, мемлекеттік жер қорында, қоғамдық кеңістіктерде, көшелер мен жолдар бойында орналастыруға жол берілмейді.

48. Коқыс жинау алаңдары тек тұрғын үйлердің аулаішілік аумақтарында немесе жеке жер учаскелерінде негізгі кіреберістер жағынан көрінбейтін жерде орналасуы тиіс.

49. Коқыс жинау объектілерінің элементтері бетондау немесе анкерлік бекіту арқылы іргетастарға берік және сенімді бекітілуі тиіс.

50. Урналар қоршаған кеңістіктің көше жиһазының барлық элементтерімен бірге бірыңғай дизайн мен түске ие болуы тиіс.

51. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған урналар мен контейнерлер қалалық кеңістік элементтерінің көрнекі құрамдас бөлігін нашарлауына ықпал етпеуі тиіс.

52. Құл салғыштары бар урналарды тұрғын үйлердің терезелерінен және ғимараттарға кіреберістерден 5 м қашықтықта орналастыру қажет. Урналардың сыртқы жағы жазулар мен граффити жазып тастаудан қорғау үшін бедерлі және перфорацияланған болуы тиіс.

53. Коқысты бөлек жинауға арналған урналарды бір қатарға орналастыру арқылы топтастыру қажет.

54. Коқысты жинауға арналған барлық элементтер негізгі жаяу жүргіншілер ағынына кедергі келтірмейтіндей етіп, жаяу жүргіншілер жолынан кемінде 0,5 метр қашықтықта, көше жиһазының басқа элементтерімен бірге орналастырылуы тиіс.



55. Урналар отыруға арналған орындардың, ғимараттардың кіреберіс топтарының, жерасты өткелдерінің, қоғамдық көлік аялдамаларының жанында, осы объектілерден 0,5 метрден астам қашықтықта орналастырылады.

56. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған алаңдарды жол бойында орналастыру қажет. Жолдың шетінен жақын жердегі қоқыс жинағышқа дейінгі қашықтық кемінде 1,5 метр және 10 метрден аспауы тиіс. Қоқыс контейнерлері Дизайн-кодтың 8-қосымшасына сәйкес тұрғын үйлердің терезелерінен кемінде 20 метр қашықтықта көшедегі желілік тұрақ қатарына орналастырылуы мүмкін.

57. Контейнерлерді жер астына орналастырған кезде қашықтықты 10 метрге дейін қысқартуға болады. Қоқыс жинағыштарды орнату алаңдарына дейінгі қашықтық қоқыс құбыры бар үйлерден 100 метрден және қоқыс құбыры жоқ үйлерден 50 метрден аспауы тиіс.

58. Қатты-тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер топтары тұрғын үйлердің терезелерінен, дене шынықтыру алаңдары мен ойындар мен демалуға арналған алаңдардан кемінде 20 метр қашықтықта қоршалған алаңдарда орналастырылуы тиіс.

59. Үй-жайлардан тыс орналасқан спорт және балалар алаңдарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы №1202 «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулысына сәйкес күрделі немесе модульдік көлеңкелі шатырларды, сондай-ақ жерүсті жабындарды орнату қажет.

60. Біртұтас эстетикалық сәулетті, жайлы, қолжетімді және қауіпсіз қалалық ортаны сақтау мақсатында Дизайн-кодтың 9-қосымшасына сәйкес жаяу жүргіншілер көп жүретін жерлерде таптаудан және зақымдаудан қорғайтын дінгек түбін торлап, ағаштар мен оның тамыр бойындағы бөлігінің дінін қоршау қажет.

61. Дінгек түбінің торларын суық және ыстық түрде мырышталған болаттан, төзімділігі жоғары беріктігі шойыннан және сәулеттік бетоннан жасау қажет. Топыраққа су тиіп, ауа өткізуді қамтамасыз ету үшін торлы дінгек түбі торларын пайдалану қажет.

62. Саябақ аймақтарында, тротуарлар бойында, жаяу жүргіншілер аймақтарында топырақты ашық қалдыруға жол берілмейді. Топырақты қорғаныш қиыршық таспен, қиыршық тасты жабындымен, соның ішінде шекараларды жиектастармен немесе төсеу элементімен бөле отырып, өсімдік отырғызып жабу қажет.

63. Дінгек түбінің торлары бір деңгейде жабылып, біртұтас эстетикалық сәулетті, қолжетімді және қауіпсіз қалалық ортаны қамтамасыз етуі тиіс.

64. Дінгек түбінің торлары қауіпсіз, тегіс және доғал болуы, өткір ұштары мен элементтері болмауы тиіс.

65. Велосипедтерді немесе самокаттарды қысқа немесе ұзақ уақыт бойы сақтауға арналған конструкциялар (микромобильді құралдар тұрағы) сәулеттік ортаның түсіне, сондай-ақ Дизайн-кодтың 10-қосымшасына сәйкес келуі тиіс.

66. Микромобильді құралдардың топтық тұрақтары тіректерінің арасындағы қашықтық перпендикуляр тұрақтар үшін 1 метр және параллель тұрақтар үшін 2 метр болуы тиіс.

Микромобильді құралдар тұрақтарының конструкциялары тротуар жиегінен және жаяу жүргіншілер өткелдерінің аймақтарынан 0,8 метр, ғимараттардың қасбеттерінен, қоршаулар мен бұталы қоршаулардан 0,6 метр, ғимараттардың кіреберіс топтарынан 30 метр, қоғамдық көлік аялдамаларынан 3 метр, басқа абаттандыру объектілерінен 1,2 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

Микромобильді құралдар тұрақтарының бірнеше конструкцияларын орналастырған кезде конструкциялар арасындағы қашықтық кемінде 1,5 метр болуы тиіс.

Микромобильді құралдардың тұрақ конструкцияларын қоғалдартуға, жаяу жүргіншілер мен техникалық көліктердің өтуіне кедергі келтіретін жолдың жүріс бөлігіне орналастыруға жол берілмейді.

6-тарау. Қасбеттер

67. Ғимараттардың қасбеттерін безендіру кезінде жамаулы жөндеу жүргізуге және қабырға фрагменттерін әртүрлі реңктерге бояуға жол берілмейді. Ғимараттардың қабырғаларының түсі мен бояуы біртекті болуы тиіс.

68. Ғимараттарды реставрациялау және косметикалық жөндеу барысында әрлеу түрі мен түсін таңдаған кезде тарихи деректерді және бастапқы жобаны басшылыққа алу қажет. Ғимарат туралы тарихи деректер болмаған жағдайда жергілікті жердің сәулеттік ансамблін ұстану қажет.

69. Қасбетті әрлеу кезінде сайдингті (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда), боялмаған хризотилцементті жазық табактардың профильді металл табағын (өнеркәсіптік объектілерді қоспағанда) пайдалануға жол берілмейді.

70. Қосымша жылылауды және желдетілетін қасбеттер жүйесін қолдануды көздейтін ғимараттардың қасбеттерін күрделі жөндеу және реконструкциялау кезінде соңғы әрлеу қабырғалардың бастапқы қасиеттеріне, олардың беті мен түсіне барынша жақын материалдардан жасалады.

71. Төртбұрышты керамогранитті және композиттік панельдерді желдетілетін қасбеттер жүйесін соңғы әрлеу ретінде пайдалануға жол берілмейді.

72. Ғимараттарды жылылау бүкіл ғимарат үшін кешенді түрде жүргізіледі және сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын Алматы қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшесінде келісіледі.

73. Ғимараттардың қасбеттерін безендірудің келесі әдістерін жеке немесе үйлесімде қолдану қажет:

- 1) бастапқы – тарихи түсін қалпына келтіру;
 - 2) жазықтық – тігінен немесе көлденеңінен бағдарлай отырып, қасбет жазықтықтарын безендіру;
 - 3) акцентті – қасбет фрагменттерін түс айшықтау;
 - 4) сәндік – қасбет қапталына қосымша сәндік элементтер жасау.
74. Ғимараттағы үй-жайлардың барлық кіру топтары бірдей материалдар мен түстерді пайдалана отырып, бір форматта орындалуы немесе ғимараттың қасбетімен бір гаммада орындалуы тиіс.

75. Тарихи және сәулеттік құндылығы бар ғимараттардағы терезелер реконструкциялау кезінде олардың тарихи көрінісіне сәйкес қалпына келтірілуі тиіс.

Егер келісілген жобадан өзгеше көзделмесе, терезе жақтаулары бүкіл ғимаратта бірдей, жақтаулардың түсі мен материалы бірдей болуы тиіс.

76. Балкон есіктері шыныланып, ғимараттың терезе блоктарымен пішіні, түсі және қолданылатын материалдары бойынша үйлесуі тиіс.

77. Тарихи және сәулеттік құндылығы бар ғимараттардағы есіктер олардың тарихи көрінісіне сәйкес қалпына келтіріледі.

Егер келісілген жобадан өзгеше көзделмесе, заманауи құрылыс ғимараттардағы кіреберіс есіктер үшін профильдердің бейтарап немесе табиғи түстері қолданылады. Кіреберіс есіктер стилі жағынан терезелермен және қасбетпен үйлесуі тиіс.

Бірінші және цокольдық қабаттарда, тұрғын емес үй-жайларда шыныланған кіреберіс есіктерді орнату қажет.

78. Бірінші және цокольдық қабаттардың (ғимаратқа кіріктірілген) тұрғын емес үй-жайларын әрлеу үшін қолданылатын түстер мен материалдар ғимарат қасбетінің сәулеттік стиліне сәйкес келуі тиіс.

Бірінші қабаттар қасбетінің қабырғаларын пленкамен немесе баннермен жабуға жол берілмейді.

79. Кіру топтарын салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде табиғи ағаштан немесе реңк берілген ағаш панельден жасалған материалдарды, мөлдір шыны есіктер мен терезелерді, металл элементтерді пайдалану қажет.

80. Кіру топтары шағын ағаштармен немесе қасбет пен кіре-

берістің бойы бұталармен безендіріледі. Қабырғаларды гүлзарлармен және тігінен қоғалдандыру көмегімен безендіруге рұқсат етіледі.

Кіру топтары уәкілетті органның келісімі бойынша сәулеттік және сәндік элементтермен безендіріледі.

81. Табиғи материалдардан жасалған баспалдақ қоршаулары жалпы көріністі жақсартатын түссіз материалды қоспағанда, боялмайды.

Металл қоршаулар күнгірт түске боялады. Ағаш тұтқаларды пайдалану қажет.

82. Барлық техникалық және инженерлік жабдықтар техникалық қабаттарда орналасуы тиіс. Техникалық және электр сымдарын қабырғалардың ішінен жүргізіп, қасбеттің бетінен алып тастау немесе қасбеттің түсіндей арнайы қораптарға жасыру қажет.

Егер олар ретімен орналасып, қасбеттің түсіне боялған болса, қасбетке біраз сым мен желдеткіш құбырларды жүргізуге рұқсат етіледі. Қасбетке инженерлік жабдықты қатаң түрде тігінен немесе көлденеңінен жүргізу қажет. Бейнебақылау жүйесінің элементтерін де қасбеттің түсімен бояу ұсынылады.

83. Инженерлік және техникалық жабдықты орнату кезінде жасырын бекіту элементтерін пайдалану қажет.

Инженерлік жабдық сәулет элементтерін жаппай, терезелер мен есіктер олардан кемінде 0,2 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

84. Ғимаратты немесе құрылысты күрделі жөндеу және реконструкциялау жөніндегі іс-шара бірдей құрылыс материалдарын қолдана отырып, қасбетті бірыңғай стильде кешенді безендіруді көздейтін жағдайларды қоспағанда, объектілерді пайдалану кезінде ғимараттың, құрылыстың сәулеттік стилін бұзбауға жол берілмейді;

85. Байланыс және (немесе) телерадио хабарларын тарату операторларының жерсеріктік немесе эфирлік сигналын қабылдау үшін кондиционерлер мен жерсеріктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын қаланың магистралды және транзиттік көшелерінде орналасқан ғимараттар, тарихи-мәдени мұра объектілері қасбеттерінің бет жағына, сондай-ақ сәулет бөлшектерінің, сәндік, сәулет-сәндік әрлеу элементтерінің немесе оларды бекіткіштердің үстіне орнатуға жол берілмейді.

86. Кондиционерлердің электр сымдары ғимараттың ішіне жүргізілуі тиіс, қасбетке жүргізілуіне жол берілмейді. Салынған ғимараттардағы кондиционерлер қасбеттегі арнайы қораптарға немесе текшелерге салынады.

87. Бір ғимараттың шегіндегі су ағатын құбырлар мен басқа да металл элементтер бір стильде орындалады. Құбырлар қабырғалардың түсіне боялады.

88. Сыртқы суағардың су ағызатын құбырларын (жылытылатын) құрылыс немесе реконструкциялау барысында тікелей көше төсемінен төмен деңгейдегі жабық құбырға, тікелей нөсер көрізіне бағыттау қажет.

89. Қалалық кеңістіктерді жобалау кезінде жаңбыр суын ағызу үшін нөсер көрізін қамтамасыз ету қажет.

Арық жүйесі тек суару үшін және жабық нөсер көрізі жоқ жерлерде қолданылады.

90. Күрделі жөндеу немесе реконструкциялау кезінде ғимараттардың жанындағы қолданыстағы құрылыстарды негізгі ғимараттың жалпы стилистикасы мен сәулетіне сәйкес келтіру қажет.

Қосымша құрылыстарды әрлеуде қолданылатын материалдар негізгі ғимарат қасбетінің әрлеуімен үйлесуі тиіс. Қосымша құрылыстарды профильді табакпен, ірі композиттік панельдермен әрлеуге жол берілмейді.

Шатырдың әрлеу түстері сұр немесе күңгірт реңктер, сондай-ақ күрән және қоңыр түстердің қою реңктері болып белгіленеді.

Бүкіл ғимараттағы шатыр бір материалдан жасалып, бір түске боялуы тиіс. Шатырдың түсі ашық су ағызатын жүйенің және металл қоршау элементтерінің түсімен үйлесуі тиіс.

91. Желдету шахталары және шатырларда орнатылатын жабдықтың басқа элементтері түсі мен материалына қарай ғимараттың шатырымен және қасбетімен үйлесуі тиіс. Мырышталған металды қолдануға жол берілмейді.

92. Ғимараттардың қапталын қасбеттердің түсіндей етіп бояп, бітеу қапталын толығымен сәндеу қажет. Мәдени, тарихи немесе көркемдік маңызы жоқ ғимараттардың бітеу қапталы сәнді жарықтандыру, тігінен қоғалдандыру, арт-объектілер, муралдар мен накыштар көмегімен безендіру қажет.

93. Тарихи немесе көркемдік құндылығы бар қолданыстағы накыштар мен суреттерді уәкілетті органдар немесе заттық құқықтары бар меншік иелері тиісті жағдайда ұстап, көрінісінің нашарлауына жол бермеуі тиіс.

94. Муралдарды (граффити, стрит-арт), қалалық кеңістіктердің элементтерін және ғимараттар қасбеттерінің сәндік бөлшектерін орналастыру уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

7-тарау. Қоршаулар

95. Қоршаулар модульді элементтерден, толтыру элементтері бар тіреу тіректерінен тұрады. Қоршаулар өткізгіш және тұтас болуы мүмкін.

96. Қоршаулар қоршаған ортамен стилистикалық тұрғыдан біртұтас болуы тиіс және визуалды кедергілер тудырмауы тиіс.

97. Қоршаулар ғимараттарды пайдалану үшін қауіптілік болып табылатын жағдайларда орнатылады. Өзге жағдайларда бұталы қоршауларды, ағаштарды пайдалану қажет.

98. Қоршауларды салу және орнату кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:

- 1) Қоршауларды бедерлі жерге орнатқан кезде элементтерді әртүрлі деңгейдегі тіректерге бекіту мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.
- 2) Тіреуіш қабырғаларды және тор жәшіктерді, шудан қорғайтын экрандарды қоршау ретінде пайдалануға болады.
- 3) Спорт алаңдарының торлы қоршауларының биіктігі 3 метрден 6 метрге дейін қойылады. Қоршаудың негізгі биіктігі 1,2 метр болатын тұтас бөлік түрінде жасалуы мүмкін.

99. Режимдік және әлеуметтік объектілерді қоспағанда, оларға іргелес көшелер жағынан ғимараттардың басты қасбеттерінің алдына қоршаулар мен өзге де дуалдар қоюға жол берілмейді.

100. Жеке тұрғын үйлер мен режимдік объектілерді қоспағанда, аумақты қоршау үшін бітеу қоршауларды және басқада қоршауларды пайдалануға жол берілмейді.

101. Бедер биіктігі өзгертетін жерлерді қоспағанда, жаяу жүргіншілер қоршауларын орнатуға жол берілмейді. Бұл ретте қоршаудың биіктігі 1 метрді құрайды.

102. Жаяу жүргіншілер қоршауларын салу және орнату кезінде элементтерге қойылатын келесі талаптарды сақтау қажет:

1) Жаяу жүргіншілер қоршауларының биіктігі балалардың, жануарлардың өтуіне жол бермейтін секциялардың жиілігімен 1 метрді құрайды. Аласа бойлық керменің іргетасқа дейінгі биіктігі кемінде 0,15 метрді құрайды.

2) Элементтерді жер бетінің әртүрлі деңгейлеріндегі тіректерге бекіту мүмкіндігін қарастыру қажет. Бастапқы және соңғы тіректер жарық шағылыстырғыштармен жабдықталады.

103. Шектегіштер бұталарды тығыз отырғызу, қала жиһазын орнату, контейнерлік қоғалдандыру, биік жиектасты пайдалану түрінде орнатылады.

104. Шектегіштерді орнатқан кезде сәулет және ландшафт стилімен үйлесетін жалпы қалалық көрініске сәйкесу талаптарын сақтау қажет.

105. Уақытша қоршаулар 12 айдан аспайтын мерзімге орнатылады, сондай-ақ уәкілетті органның талабы бойынша уақытты жөндеуге немесе бөлшектеуге жатады.

106. Уақытша қоршаулар Дизайн-кодтың 11-қосымшасына сәйкес қалалық іс-шаралар кезінде құрылыс алаңдарын жайластыру,

халықтың қауіпсіздігі үшін орнатылады.

107. Уақытша қоршауларды орнату кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:

- 1) қоршаулар модульді және тасымалданатындай болуы тиіс;
- 2) қоршаулар бір жоба бойынша, бір материалдан жасалып, бір түске немесе іс-шараның түсіне боялуы тиіс;
- 3) халық үшін жүзеге асырыл жатқан құрылыс-монтаждау жұмыстары туралы ақпаратты орналастыру қажет.

8-тарау. Қалалық кеңістікті жарықтандыру.

108. Қалалық жарықтандыру элементтері бағаналардың қорғаныш тұғырының дизайнына біріктіріліп, қалалық жарықтандырудың бірыңғай стилін қамтамасыз етуі тиіс.

109. Конструкцияға, қорғаныш экрандарына немесе бірыңғай стиль мен ұзаққа жарамды болуды қамтамасыз ететін төзімді материалдарға бұзбауға қарсы элементтерді енгізу қажет. Жарықтандыру тіректерін бедерлі құрылыммен жасау қажет.

110. Жарықтандыру элементтері жаяу жүргіншілердің, микромобильді құралдар мен көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігін арттыру отырып, тәуліктің қараңғы уақытында жақсы көрінуді қамтамасыз етуі тиіс.

111. Қалалық жарықтандыру элементтері тұрғын үйлердің терезелерін жарықтандырмауы тиіс.

112. Дизайн-кодтың 12 қосымшасына сәйкес тігінен жарықтандыру элементтерінің биіктігі 8 метрден 20 метрге дейін өзгеруі мүмкін, жаяу жүргіншілер тротуарларын биіктігі 4-тен 7 метрге дейінгі жеке шамдармен қамтамасыз ету қажет.

113. Жарықтандыру тіректерін кабельдерге ыңғайлы қызмет көрсету үшін тексеру ойымшасы бар аласа кабельді жалғауышпен жабдықтау ұсынылады. Электр кабельдерінің жерүсті төсемдерін пайдалануға жол берілмейді.

114. Қолданыстағы электр кабельдерінің жерүсті желілері жер астына салынуы тиіс.

115. Қалалық ортада ғимараттар мен құрылыстарды, шағын сәулет нысандары мен көше жиһазын жарықтандыру қажет.

116. Ғимараттар мен құрылыстарға, шағын сәулет нысандары мен көше жиһазына бір түсті, біркелкі сәулеттік жарықтандыруды қолдану қажет.


Сәулеттік жарықтандырудың қарқындылығы мен бағыты жаяу жүргіншілерге, микромобильді құралдар мен көлік құралдарын пайдаланушыларға кедергі келтірмеуі тиіс.

117. Муралдар (граффити, стрит-арт), қалалық кеңістіктердің элементтері және ғимараттар қасбеттерінің сәндік бөлшектері Дизайн-кодтың 13 қосымшасына сәйкес түнгі уақытта міндетті жарықтандыруды қажет етеді.


118. Ғимараттар мен құрылыстардың кіреберіс топтары түнгі уақытта есік ойғының үстіндегі шамдармен немесе бүйірінен жарықтандырылуы тиіс.

119. Осы Дизайн-кодпен реттелмеген басқа да талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен регламенттеледі.

Дизайн-кодқа 1-қосымша




Дизайн-кодқа 2-қосымша








Дизайн-кодқа 3-қосымша




Дизайн-кодқа 4-қосымша




Дизайн-кодқа 5-қосымша




Дизайн-кодқа 6-қосымша




Дизайн-кодқа 7-қосымша




Дизайн-кодқа 8-қосымша




Дизайн-кодқа 9-қосымша



Дизайн-кодқа 10-қосымша



Дизайн-кодқа 11-қосымша



Дизайн-кодқа 12-қосымша



Дизайн-кодқа 13-қосымша





КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҚАЛА ЖОЛДАРЫ ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ

Алматының коммуналдық қызметтері қар тазалауға 400-ден астам техниканы тартып, мыңнан астам жұмыскерді жұмылдырды.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

3-4 күн бұрын шаһарымызда қалыңдығы 4,5 мм жаңбыр мен сілбі қар түрінде жеңіл жауын-шашын болған-тын. Артынша қар жапалақтап, 8 см-ге дейін қалыңдады. Қар қалыңдығы Кәмен үстіртінде – 26 см, Шымбұлақ пен Үлкен Алматы өзенінде – 46 см-ге жетті. Қолайлылықтың алдын алу мақсатында 156 құмтартқышпен көктайғаққа қарсы 3450 тонна ұнтақ (материал) себілді. Түнгі кезеңде жол полициясының патрульдік машиналарының ілесіп жүруімен қар күреуге 11 колонна кірісті. Бүгінге дейін жол жиектеріндегі қар тазартылып, оларды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Бірінші кезекте 176 шағын көлемді жинау техникасының күшімен тротуарларда, жалпы қоғамдық пайдалану орындары мен әлеуметтік маңызы бар нысандардың кіреберістеріндегі қар тазаланды. Механикаландырылған жинау жұмыстарына қоса, қоғамдық көлік аялдамалары мен жерүсті өткелдерін жұмыскерлер қардан тазартып шықты. Қар тазалауға 438 техника тартылып, 1110 жол жұмыскері жұмылдырылды.

Аудан әкімдіктерінде жұмыс өндірісін бақылауда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

«Қазгидромет» РМК дерегінше, Алматы қаласында 19 см қар жауған. Қар тазалау тәулік бойы атқарылды. Түнде 421 бірлік арнайы техника жұмыс істеді, таңертең 425 бірлік арнайы техника жұмылдырылды, соның ішінде 146 құмтартқыш болды. Бұл жұмыстарды 1143 жол жұмысшы атқарды. Бұрнағы күні, сондай-ақ кеше жол полициясының патрульдік машиналарының ілесіп жүруімен 13 колонна қар күреумен айналысты.

Кеше таңғы сағат бестен бастап 168 бірлік шағын көлемді жинау техникасының күшімен тротуарлар қардан тазартылып, бұл жұмыс бітуге жақын қалды. Аялдамалар мен жерүсті өткелдерінің тұрақ «қалталарын», әлеуметтік маңызы бар нысандарға өтетін жолдар тазартылды. Қалалық трафикке жүктемені азайту мақсатында таңғы сағат жетіден бастап техникаға жанармай құю және құмтартқыштарды көктайғаққа қарсы материалмен толтыру жүзеге асырылды.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының дерегінше, кеше жолдардың жүріс бөліктерін қардан тазартудың жаңа циклі іске қосылып, жиналған қардың соңғы лектері сыртқы полигондарға шығарылды. Синоптиктер дауылды ескерту жариялаған-тын. Осыған байланысты құтқарушылар тұрғындарды көктайғақ кезінде жолдарда өте сақ әрі мұқият болуға шақырады.

Айна БАЙ.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Бірінші байлық – денсаулық. Қазіргі таңда организмге зиян келтіретін сусындар өте көп. Солардың қатарына энергетикалық сусындарды жатқыза аламыз. Аты айтып тұрғандай, адамды қуаттандыратын әсері бар. Осы сусын түрінің қаншалықты зиян екеніне тоқталып кетейік.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫН ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН



Ернұр
РЫСБАЙ

Энергетикалық сусын – жастар арасында кеңінен тараған сусын түрі. Көбіне ұйқы ашуға, серуге, көңіл күйді көтеруге қолданылады. Әркім өз мақсатында пайдаға асырады. Студенттер емтиханға дайындалып түнімен ұйықтамаған жағдайда, спортшылар жақсы нәтиже көрсету мақсатында пайдаланып жатады. Ал энергетикалық сусынның зиянын біреу білсе, біреу біле бермейді.

Қуаттандырғыш сусын бәріне бірдей әсерін тигізбейді. Адамдар энергия алдық деп ойлауы мүмкін. Алайда, сусын құрамындағы заттар қуатты өзіміздің организмнен алады. Соның салдарынан сіздің организмнен шаршау сезімі, ұйқысыздық, ашушандық түрінде ерте ме, кеш пе шығады. Пайдаланушылардың жас мөлшері жылдан-жылға жасарып барады. Ал жас балаларға энергетикалық сусынның зияны айтпаса да белгілі. Глюкоза мен кофеиннен тұратын сусын жас организм үшін зиян. Сусындарды 18 жасқа толмаған балаларға сатуға тыйым салу керек. Болашақта денсаулығы нашар, энергетикалық сусынға тәуелді ұрпақты қаламасак, мәселенің алдын алғанымыз жөн.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша күніне екі құтыдан артық ішуге болмайды. Артық ішкен жағдайда қан қысымы көтерілуі мен қан



(Сурет: turanpress.kz)

құрамындағы қант мөлшерін арттыруы мүмкін. Белгіленген мөлшерден артық қолдану денсаулыққа өзінің кері әсерін тигізеді. Қазіргі таңда қуаттандырғыш сусынның зиянды тұстары жайында көп ақпарат бар. Осы орайда, қуаттандырғыш сусындарға әлемнің бірнеше елі тыйым салған. Франция, Норвегия, Дания елдерінде ресми рұқсат етілмеген, тек дәріханаларда дәрі ретінде сатылады.

Айта кетейік, энергетикалық сусынды күнделікті өмірде ұзақ уақыт көлік айдайтын жүргізушілердің қолынан көп байқаймыз. Денсаулығымызды құртатын сусынды өзіміз сатып алып жатырмыз. Энергетикалық сусынға тәуелділігі бар адам үшін одан арылу қиын. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік.

Балабақшада 12 топ жұмыс істейді. Жалпы саны 280 тәрбиеленушіге арналған балабақша қазір бүлдіршіндерді жартылай қамтып отыр. Қалалық Білім басқармасы өкілдерінің айтуынша балабақшаға қабылдау бала саны толық толғанға дейін Balabagsha bilimalmaty сайты арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, өткен жылы Алматыда тағы да №70, №163, №168 балабақшаларда күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Жанында Түркісіб ауданындағы №70 мемлекеттік арнайы бөбекжай-бақшада жөндеу жұмысы толығымен аяқталып, жақын арада пайдалануға берілмекші. Ал жөндеу жұмыстары жүріп жатқан №163, №168 балабақшалар осы жылдың соңына дейін тапсырылатын болады. Сондай ақ, биыл №37, №153, №20, №10, №137, №158 балабақша ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.

Дәл қазір, «Ақжар», «Алтын бесік» және «Жас қанат» ықшам-аудандарында 700 орынды үш бірдей жаңа балабақша салынып жатыр. Сәтін салса, құрылыс жұмыстарын ағымдағы жылдың II тоқсанында аяқтау жоспарлануда. Осы балабақшалар пайдалануға берілсе, Бостандық ауданындағы 2300 орынды құрайтын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын азайтуға көмектеседі.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

Бостандық ауданында күрделі жөндеуден кейін 280 орынды мемлекеттік балабақша ашылды

Екі жылға жуық күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген Бостандық ауданындағы №113 мемлекеттік балабақша есігін қайтадан ашты.



мен қасбеті толығымен жөнделіп, ішкі бөлмелерінде түгелге дерлік жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимаратта терезе және есік блоктары, электрмен жабдықтау, жылыту, сумен жабдықтау және су бұру жүйесі ауыстырылды. Сонымен қатар, әрлеу жүргізіліп, қасбеті оқшауланған және қайтадан қапталған. Балалардың қауіпсіздігі басты орында болғандықтан,

бейнебақылау, бүкіл бақша аумағын қамтып тұратын жарық орнатылды. Осылайша ғимараттың тек сыртқы аумағы ғана емес, іші де толық өзгерді. Күрделі жөндеу жүргізілген балабақша ғимараты жаңа ғимараттан еш кем емес. Бүгінгі таңда жаңа нысан балаларды сапалы мектепке дейінгі білім берумен қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған.

Ғимаратқа 2021 жылдың қыркүйегінде жөндеу жұмысы басталған болатын. Оны «SKS Инжиниринг» ЖШС мердігерлік ұйымы жүргізген еді. Жөндеу жұмысының мерзімі айтарлықтай уақытқа созылғаны белгілі. Оның себебі, жөндеу мерзімі мердігердің міндеттемелерді уақытылы орындамауына байланысты болды. Тиісті уақытта тапсырмағаны үшін мердігер компания жазасыз қалған жоқ. Оған сот тәртібімен айыппұл салынды.

Пайдалануға беріліп отырған балабақша ғимаратының шатыры

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty akshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty akshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Бір ғажабы, біздің бабаларымыз ай атауларын ертегімен немесе аңызбен байланыстырмаған (орыста ғана ойдан шығарылған Ильин день, Петров день, Рождество, т.б. атаулар бар.) керісінше, қазақ ай атауы мен амалдарды табиғатпен тікелей байланыстырады. Міне, сондай табиғатпен біте қайнасып жатқан «Сары аяз» амалы қаңтардың 17-сінен бой көрсетті. Мұны «Қыс шілдесі» деп те атайды. Аяздың нағыз шарықтау шегі бұл. Осы кезде «Тоқырауын» амалы да көрініс береді. «Тоқырауын» қыстың тоқырай, тоқтай, қаңтарыла бастағанының белгісі. Күн недәуір ұзара бастайды. Мұны қазақ «қаңтарда қарға адым» ұзарады деп айтып кеткен.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Қаңтар демекші, бұл ай да ортасынан ауды. Бүгін күнделікті қолданыстағы күнтізбе бойынша қаңтардың – 18-і. Ай жүйесі – айдың төртінші жаңасын көрсетіп тұр. Қазақ есепке жүгінсек, әлі қаңтардың – 5-і.

Жалпы, қаңтар – қыстың ең қиын айы. Қазақтар: «Күн көзі қыраулы, қыс күнінде мәлім жоқ» дегені осы кез. Демек, апта айдың басы мен ортасына дөп келіп тұр. Бұл ауа райының құбылатын, яғни бұзылатын сәті. Енді қыс күшіне мініп, бораны мен аязын шақыра бастайды.

Кеше «Сары аяз» амалы табиғат сахнасына шықты. Ол «Қыс шілдесі» амалына қарқын беретін нағыз дүлей құбылыс: қытымыр ызғар, қара суық, ұйтқыған боран... Әрине, мен бабалар айтып кеткен амалдың сипаты

«САРЫ АЯЗ»

Қаңтардың 17-сінен басталған бұл амалды «Қыс шілдесі» деп те атайды. Аяздың шарықтау шегі. Осы кезде «Тоқырауын» амалы да көрініс береді



бойынша жазып отырмын. Ол көріністің Алматыда болуы да, болмай айналып өтуі де ғажап емес. Бет қаратпайтын боран мен құлақ үсірген сары аяз еліміздің өзге аймақтарында белең алып отыр. Қазақстанның бірқатар аймақтарында алдын ала ескерту жасалды.

Шығыстың, оның ішінде түркі және орта Азия халықтарының есебінде Қоян жылы әлі біткен жоқ. Қоян өте сақ, табанды әрі өжет аң ретінде сипатталады. 2023 жыл саяхат жасап, демалуға қолайлы болмағанын айтуымыз керек. Табиғаттың небір дүлей кездерін еліміз басынан өткерді: алапат өрт, су тасқыны, түрлі апатты жағдайлар орын алды...

Дегенмен, Қазақстанның болашағы үшін түрлі бағдарламалар қабылданып, халық соларды іске асыруға бір кісідей ұйымшылдықпен жұмылып отыр.

Жыл сайын осы уақытта «Крещенские морозы» туралы сөз болады. Орыстар мен орыс тілді ағайындар әңгімені қозғайды. «Крещенские морозы» деген тіркес қайдан шыққан. Соған тоқталайын. Бұл орыс халқының шомылдыру рәсіміне қатысты айтылған көрінеді. Аяз – бұл халықтық діни сенім белгісі, оған сәйкес сенушілер 19 қаңтарда атап өтетін православие мерекесінде суға шомылып, сенімін нықтайды. Сол кезде Ресейде қатты аяз орын алады екен. «Томас»

православиелік басылымы Ресейдегі бұл мереке әдетте қатты аязға сәйкес келетінін, сондықтан ол «Крещенские морозы» деп аталатынын жазады... Ол аяздың мұсылманға әсте қатысы жоқ.

...Үркер көк жүзіне өрлеп келеді. «Қыс шілдесі» амалының орнығып келе жатқанының айғағы. Келесі айдың алғашқы аптасы біткенше жалғасады. Ең суық, аязды, боранды күндер осы уақытта болады. Сөйтіп, сақылдаған «Сары аязға» жалғасады. Бұл ешқандай да «Крещенские морозы» емес, қазақтың сақылдаған «Сары аязы»...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ҚЫС АЙЫНА ҚАТЫСТЫ ЖОРАМАЛ:

*Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.

*Қаздар қаңқылдаса, жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса, күн суытады.

*Күн құлақтанып шықса, қатты аяз болады.

*Түйе ернін жыбырлатып, жылқы мезгіл-мезгіл оқыранса, көктем ерте басталады...

*Кемпіркөсақ көрінсе, жыл берекелі, жайлы, мал төлді, егін, шөп шығымды, қуаныш көп болады.

ҚАУІПСІЗДІК

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Электр мопедтердің, самокаттардың және велосипедтердің жүргізушілері нені білуі тиіс?



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының қалалық Мобильділік басқармасының ақпараты бойынша, қаладағы кикшеринг компанияларда (бірлесіп пайдалану сервистері) шамамен 17 мың самокат бар. Өткен жылы олардың қызметін 14 миллионнан астам адам пайдаланған. Бұл 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, екі есеге көп. Сонымен қатар, олардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының саны 2023 жылы 35%-ға, яғни 41-ден 27-ге дейін төмендеген.



асатын жүкті немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауға тыйым салынады; тәуліктің қараңғы уақытында жолдың жүріс бөлігі бойынша басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне көрінуді қамтамасыз ететін ЖҚЕ-де айқындалған талаптарға сәйкес келетін жарық шағылыстыратын затсыз жүруге; жолдың жүріс бөлігі бойынша басқару кезінде түймеленген дулығасыз болуы тиіс.

Жол ережелері бұзылған кезде көлік иелерін жауапкершілікке тарту көзделген. Мәселен, оларды жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды (ӨҚБТК-нің 593-бабы, 5 АЕК көлемінде айыппұл салу), сондай-ақ жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзғаны үшін (ӨҚБТК-нің 620-бабы, ескерту немесе 3 АЕК көлемінде айыппұл салу) жауапкершілікке тартуға болады.

Ал «AlmatyBike» велопрокатының автоматтандырылған жүйесінде 800-ге жуық велосипед тіркелген. Велопрокаттың белсенді пайдаланушыларының саны 1,8 мыңнан астам адамды құраған. Олар бір жылда 336 мыңнан астам жол жүрген.

Алматы әкімдігінің жобалық офисінде электросамокат және велосипед жүргізушілері үшін қауіпсіздік ережелері туралы еске салды:

1. Велосипед жолымен, арнайы жолағы бар жолдармен жүру керек. Ол болмаған кезде жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ бойынша жүруі тиіс. Тротуар немесе жаяу жүргінші жолымен жүргенде жаяу жүргіншілердің жүруіне қауіп төндірмей, жылдамдықты сағатына 6 шақырымнан асырмай қозғалуы керек.

2. Жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шетімен жүруге болмайды. Оның ішінде он сегіз жасқа толмағандар самокат жүргізушілері үшін жолақ бойынша жүруге; кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігінсіз не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәліксіз жүруге жол берілмейді.

3. Электр мопедтердің, самокаттардың және велосипедтердің жүргізушілері кем дегенде бір қолымен рөлді ұстамай жүргізуге; жолаушыларды тасымалдауға арналған арнайы құрылғылары бар велосипедтер және мопедтер болмаса, жолаушыларды тасымалдауға; жүктерді тасымалдауға арналған арнайы құрылғылары бар велосипедтермен және мопедтермен болмаса жүкті, сондай-ақ ұзындығы немесе ені бойынша габариттері 50 сантиметрден

